



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ

ШАБЫТ



Бізге 2 жыл!

айлық журналы
ежемесячный журнал
№16 (16) 05.11.2015 - 05.12.2015

ҚАДІРМЕНДІ ОҚЫРМАН!!!!



«Шабьт» журналы өз оқырмандарына жол тартқалы, міне, екі жылдың жүзі болды. Алғашқы күндерден-ақ мақсатымыз анық, қадамымыз нық еді. Сол қарқынмен бүгінде университет ішінде, сыртында өтіп жатқан әр түрлі мәдени шаралардан, елімізге танымал жандар мен өсіп келе жатқан жас таланттарды таныстыруға ат салысып, бүгінгі студент ертеңгі маманның оқу орынының қабырғасындағы алғашқы еңбектерін оздеріңіздің назарларыңызға ұсынып келеміз. Бұл - біздің басты міндет! Осы жолда журналдың жарық көруіне ықпал жасап отырған жас тілшілер қатары мен университет басшылығына алғысымды білдіремін. Қаламдарыңыз мұқалмай, жазарларыңыз көбейсін!

Құрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабьт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Нөгербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н. Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Юсупова А. К. - өнертану ғылымдарының кандидаты

Қадыралиева А. О. - өнертану ғылымдарының магистранты, театртанушы

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы
Редактор көмекшісі: Қымбат Елубаева
Тілшілер: Камила Габдрашитова
Нұрислам Әбділ
Ләззат Алпысбаева
Амина Габдрашитова
Жанат Жайлыбай
Назгүл Ақшالова
Дизайнер: Ахат Азтай
Фототілші: Досжан Аяған

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77024878400

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ

Н. Әбділ	4	«АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА»
Ә. Бектөреева	5	I ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІІ
Ә. Ақмолда	6	БОЛМЫСЫ БӨЛЕК БЕКЖАН ТҰРЫС
Н. Ақшалова	8	КИНО – КӨРКЕМ ФОТО СУРЕТТЕРДІҢ ЖУЫНТЫҒЫ ЕМЕС...
К. Габдрашимова	11	ТРЕБОВАНИЯ ВРЕМЕНИ И КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЫ
Н. Әбділ	14	ІШІМДЕ ҚАСҚЫР ӨЛІП, УТ ҰЛЫП ЖАТЫР...
Х. Хасамбай	16	ЖАҢА ДОС
Н. Салимов	18	ӨТУДЕ ӨМІР ДӨҢГЕЛЕП
Л. Алпысбаева	20	ӨЗГЕРІС
Қ. Елубаева	22	ҚАМШЫҒЕР
Д. Исенова	24	ОТКРОВЕНИЕ
Қ. Ежембек	26	ЖАНЫ ДА, ҚАНЫ ДА ҚУЫРШАҚ...
А. Қалқатай	28	КІТАПХАНА КҮНДЕЛІГІНЕН...
Б. Балтаева	29	ЗАМЕЧАТЕЛЬНОМУ МУЗЫКАНТУ – ДОЛГИХ ТВОРЧЕСКИХ ЛЕТ И ЗДОРОВЬЯ
К. Далишова	29	С КУЛЬТУРНЫМ ПРИВЕТОМ КАЗАХСТАНУ ОТ ИНДОНЕЗИИ
З. Божаква	30	КОНЦЕРТ ФАКУЛЬТЕТА МУЗЫКИ
Э. Хайдарова	30	«ФОРМА ЗНАЧИТ КРАСОТА»

«Атадан қалған асыл мұра»



Би өнері – биік талғамнан туындайтын болмысы бөлек жаратылыс. Көзіқарақты көрермен болмаса, әр бидің ішкі сырын, басты маңыздылығын, суреткерлік сипатын байқау өте қиын. Икемділік пен қимылды ұштастыра отырып, биші боламын деу бос әуре. Ырғалып, теңселіп, қозғалып тұру бишілік емес. Ол үшін бидің техникасын игерумен қатар, әуеннің тілін түсіну керек. Себебі, музыканың тілі поэзияның тілімен бірдей деседі. Ендеше, бидің әр қозғалысы күйдің қағысындай тылсым сезімге ие құбылыс. Осы орайда әр кезеңнің озық өнерпаздары аталмыш

жаратылыстың кілтін тапқаны белгілі.

Өз замандастарының ішінде бұл сала бойынша өзіндік қолтаңбасы мен өшпес ізін салып кеткен балет солисі, балетмейстер, хореограф, қазақ балет өнерінің бір биігі – Зәуірбек Райбаев еді. Міне, бүгінде көзкөрген, көрі құлақты қайтадан қауымның есіне салу үшін Тойған Ізім Оспанқызы тамаша игі істі қолға алды. Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры ретінде өз шәкірттеріне Зәуірбек ағаның бірқатар хореографиялық қойылымдарын үйрете отырып, қайтадан сахнаға шығарды. Көптен бері сахнаға ат ізін салмай кеткен саф алтындай сапалы туындылар «Атадан қалған асыл мұра» деген атпен артқыға үлгі, болашаққа аманат болды.

«Аққу үні», «Шолпылар», «Биші қайын», «Қазақ өрнектері», «Қос алқа», «Ата толғау», т.б. композициялары тындарманды тәнті, көрерменді көзайым етті. Бүгінгі өткізілген іс-шара З. Райбаевтың еңбегін жаңғырту болса, екінші қырынан насихаттау, үшіншіден, өнер тарихындағы өнер өкілдеріне деген өміршеңдік сыйластық болатын. Мінекей, кешті ұйымдастырушылар өздерінің діттеген мақсатына жетті. Себебі, «Хореография» факультетінің бірден төртінші курсқа дейінгі барлық студенттерінің ат салысып, бір кісідей билеп, өнер көрсетуі соның дәлелі.

Атадан қалған асыл мұра, бұл бөрімізге аманат. Аманат аяқ асты қалмаса екен. Асыл мұраны арындай көріп, ардақ тұтатын арда өнерпаздар өлмес өнерлерін артқыға із болып қала бергей...

Нұрислам ӘБДІЛ,

«Театртану» мамандығының 3 курс студенті

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні!

«Ұқсатам Күлтегіндей кемеңгерге» – деп, ақын Жадыра Дәрібаева жырлағандай, әлем картасынан орын алған Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – артынан ерген қалың елінің сеніміне ие болған, әлемге өзінің сындарлы саясатымен танымал болған тұлға. Тәуелсіз Қазақ елінің қалыптасуы, тарихымыз түгелделіп, тіліміз, дініміз және діліміз қайта оралып, мемлекеттік рәміздердің қабылдануы, еркін заманға қатысты тағы басқа игіліктердің барлығы Елбасының ғажайып парасаты мен пайымының, көрегенділігі мен кемеңгерлігінің арқасы.

Ел Парламенті Тәуелсіз Қазақстан тарихында 1991 жылы 1 желтоқсанда өткен алғашқы Президент сайлауына байланысты «1 желтоқсан – Қазақстанның Тұңғыш Президенті күні» деп шешім қабылдаған болатын. Қазақстандықтар бұл айтулы мерекені 2011 жылдың 1 желтоқсанынан бері атап өтуде.

Тұңғыш Президенті күніне байланысты жалпы халықтық масштабта, бүкіл мемлекеттік деңгейде жыл сайын көптеген іс-шаралар өткізіледі. Соның бірі – Қазақ ұлттық өнер университетінің қабырғасында ТЖ және ЖІ жөніндегі бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген «Қазақ елінің Тұңғыш Президенті» тақырыбында дөңгелек үстел Қызметкерлер, оқытушылар, студенттер мен қонақтар қатысқан бұл іс-шара ТЖ және ЖІ жөніндегі бөлім жетекшісі А.А. Аймақованың алғы сөзімен ашылды.



Сонымен қатар, дөңгелек үстелдің модераторы Қ.Х. Баймухановаға, іс-шара қонағы – опералық, камералық әнші, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген артисі К.Т. Мыржықбайға сөз берілді. Дөңгелек үстел барысында қатысушылар баяндама оқыды. Атап өтсек: И. Сагандықова (арт-менеджмент) «Биография Президента РК Н.А. Назарбаева»; Д. Жұмабеков (мәдениеттану) «12 фактов о Н.А. Назарбаева»; Я. Исаева (металл оңдеу) «Н.А. Назарбаев – выдающийся политический лидер. Политическая деятельность Елбасы»; Ч. Касимов (кескіндеме) «Об итогах выполнения Послания Президента РК Н.А. Назарбаева казахстанскому народу 2014: «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»; Д. Исенова (ТДИ) «О национальной программе «100 конкретных шагов»; С. Абаева (мәдениеттану) «Реализация Программы культурной политики РК»; А. Кулмаганбетова (мәдениеттану) «Под патронажем Президента РК Н.А. Назарбаева в 1998 г. открывается КазНАМ. В 2010 г. академия преобразована в университет искусств – КазНУИ»; В. Батырева (дыбыс-режиссер) «О международном значении проведения ЕХРО-2017»; Л. Османова (арт-менеджмент), Д. Мурзабекова (оператор) «Послание Президента РК Н.А. Назарбаева казахстанскому народу 2015»; А. Хабибуллина (вокалдық өнер) «Рассказ День книги в РК»; А. Мұханқызы (МО) «Достижения и великие подвиги Президента»; Ш. Саулеханов (режиссура) председатель Дебатного клуба «Парасат» «Благодарность от Казахстанской молодежи Президенту».



Дөңгелек үстелдің соңы қызу талқылаулар мен пікір-таластарға ұласып отырды. Іс-шара барысында магистрант, жыршы Түрікпен Күнсұлу 1 желтоқсан – Қазақстанның Тұңғыш Президенті күніне арналған «Арнауын» орындады.

Ең әуелі соғыссыз жылдар үшін, алаңсыз ақ төсекке басын қойып, уайымсыз тұрғанымыз үшін – Елбасына ризамыз. Елімізге еңсе тіктетін, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын асқақтатып, бүгінгі ертеңіне жалғаған Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегі орасан зор. «Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек» – деген Елбасының сөзін әрбір азамат жүрегінің түкпіріне сақтап, қашан да жадында ұстауы керек. Бұл баршамыздың туған ел алдындағы перзенттік борышымыз! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, ағайын!

Әйгерім БЕКТӨРЕЕВА,

«Өнертану» мамандығының 1 курс студенті
Ө.ғ кандидаты А. Асылбекова шеберханасы

Боламын бәлек Бекжан Тұрыс

Таңертеңнен бергі жоспарым бойынша сабақтан шығып, бірден театрға қарай тарттым. Абай даңғылыменен ойға түпсіз батып келе жатып, Әуезов драма театрына қалай жеткенімді байқамай да қалыпшын. Еңселі театр ғимараты жақындаған сайын көңіліме ерекше бір жылылық ұялатады. Мұндай сезім әр келген сайын кеудемде атойлайды. Қола мүсіннен орнатылған Мұхтар Әуезовтың ескерткішіне қарап, заңғар жазушымен іштей амандастым. Қазаққа театрдың ауадай қажет екенін терең ұғып, ұлт театрын қалыптастыруда орасан еңбек сіңірген тұлғаның тұғырда отырған келбетінен осынау киелі орынға келгеніме ризалығын білдіргендей кескін байқап, әсерге бөлендім. Бұл әкемтеатрда – Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, т.б өнердің нағыз жанашыр майталмандарының әшпес іздері сайрап жатыр. Бұрындары театрдың іргесінде қатар-қатар көк түстің үстіне ақ әрінтермен жазылған, қойылымның қай күні болатынан хабар беретін, афишаны көзіміз шалатын. Ал, осы күндері театрдың алдынан электронды афишаны көреміз. Бүгін болатын қойылымнан хабардар болсам да, афишаны тағы да қарай кеттім. «Тендерге түскен келіншек» болады дегеннен бастап, қандай спектакль екен, кімдер ойнайды екен деп ойланып баққанмын. Кассадан барып, ақшаның ыңғайына қарап, балконнан орын белгілеп билет алдым. Сағат 18:30 болғанда, әдеттегідей, шымылдық баяу көтеріліп, қойылым басталды. Қарапайым ғана ауыл үйі, үйдің ішкі көрінісі. Есікті ақырын ашып, қолына таяқ ұстап, ептеп ақсаңдап сахнаға Бекжан Тұрыс шықты. Таубай кейіпкердің кескіні – орта жастан асқан, шашы ақшулан тартып, біраз тауқыметті көрген жан екенін аңғартады. Ұл өсірін, немере сүйген Таубай-Бекжанның көңілінен бүгінгі қоғамға, заманға алабұртқан өкпелі күй сезіледі. Тек келер күннің амандығын тілеп отырған Таубайдың жалғыз ерке ұлы келіншегі екеуі көлікпен келе жатып, аялдамада қаперсіз тұрған кісіні абайсызда қағып кетеді. Әке жүрегіне өлімші етерлік үлкен соққы тиді деген осы да. Ұлының осындай оспадарлығымен орын алған сұмдық оқиғаны естігендегі әкенің сабырлығын Бекжан Тұрыс шебер бере білді. Көп сөзге сараң, үндемей іштен тынатын әкелік мінез көрермен қауымды баурап алып, қайта-қайта шапалақ ұрғызған-ды. Темір торға тоғытылған баласынан жерімейді, намыстан жерге кіріп кетерліктей азар да безер болады. Ашынады. Қамаудан шығару үшін 100 мың доллар сұрап кімге бас ұрады? Күнкөріспен ғана тірлік кешіп жүрген жанұяның тығырыққа тірелгеніне жаның ашиды. Қиналысқа түскен Таубайды, қайғылы халге душар болған кейіпкерін эмоциямен Бекжан Тұрыстың кескіндеуі аса нанымды шыққан. Аты айтып тұрғандай, яғни тендерге түспекке, баласы үшін аналық жүрекпен ақша бермек болған, қомағайдың қойнына еңуден басқа амалы қалмаған Сағиланы қимайды, бірақ та отағасы көнуден басқа лажы қалмағанын сезеді. Әйелі Сағила шешім шығарып, кете бергенінде, қолындағы таяғымен үстелді, қабырғаларды ұра бастап, айқайлап көрушілерді дүр сілкіндірді. Намыстың, ардың адамы екені кезбелікке түскенде айқын көрініс табады. Үлкен әжелер, әйелдер, қыздар жағы жылап, ерлер жағы жан дүниелері босап тыпыршып отырып тамашалағанына куә болғанмын. Мұндай тұңғиық әсерді сыйлаған Бекжан Тұрысқа мен де іштей рахметімді айта беріппін, айта беріппін.



Жалпы, театрға деген махаббатым осылай арта берді. Рухани киелі орынға тағы келгенімде Рақымжан Отарбаевтың драматургиясымен (реж. Ю.Ханинга-Бекназар) сахналанған «Бейбарыс сұлтан» қойылымын тамашаладым. Аталған қойылымда Бекжан Тұрысты Мысыр билеушісінің уәзірі Хуан бейнесінде мүлдем жаңа қырынан байқаймыз. Қайырылған аяғын ішке қарай басатын, жүргенде қисалаңдап, қолын бүгіп жүретін анатомиялық сал адамды шынайы бейнелеген. Құл базарында саудаланып тұрған Бейбарыс пен оның айнымас достары Қалауын мен Құтызды Хуан уәзір ақшаны артығымен беріп сатып алады. Құлдықтан хандыққа өз қасиет беделімен көтерілген Бейбарыстың басты жауы Хуанға Бекжан Тұрыс кулықты да, арамзалықты да, іштарлықты да, дұшпан адамға тән кереғар мінездерді келісті ұштастырған. Сол кездегі сахнадағы Бекжан Тұрыстың ашкөздікке, әккілікке салынған жанарынан именіп те, кейіпкерді жек көріп те қаласың. Патша ағзам Иса Тұран Шахтың ел басқаруына көңілі толмайтын патшаның әйелі Фатимамен екеуі арасындағы қызғаншақтық, жалақорлық, көреалмаушылық сияқты мінездері тоғысып, Иса Тұран Шахты қазаға ұшыратады. Хуан уәзір бүкіл оқиғаның басы қасында жүріп, білдірмеушілікке салып, сұлтан Бейбарыстан құтылудың жолын құшырланып іздейді. Басын айналдырады. «Қайдағы жоқ қаңғып келген Қыпшақ» деп қомағайланады. Фатима екеуі көзін құртқан патшаның орнына таққа отыруын қайтсе де қаламай, жолын кес-кестейді. Онымен қоймай Фатима мен Хуан билеушіні мұнарадан итеріп құлатты деп, патшаның өліміне Бейбарысты кінәлі етіп қояды. Хуан да, Фатима да тақтан мүдделі. Жыландай жымсықы болған Фатима таққа қолы жетпей, өз-өзіне қол жұмсап мерт болған-ды. Тақ иегері бола қалған Құтыз да жорықта қайтыс болады. Қалай да тақтың иегері Бейбарыс сұлтан болатындықтан Хуан Бейбарыс пен Қалауын арасына іріткі салады. Барлық жағдайды шиеленістіре ойнап жатқан Бекжан Тұрысқа таңғалмасқа әддіңіз қалмайды. Онсыз да ойы бұзыла бастаған Қалауынды Бейбарысқа айдап салу – Хуан үшін қуанарлық сәтті қадам болды. Қалауын а рқылы



Бейбарысқа у ішкізбекші. Адал достықты алдыңғы орынға қоятын Бейбарыс уды ішуге келіседі, алайда Қалауын артынан өкіне кетіп, уды өзі ішіп бақилыққа аттанып кетеді. Ақырында достарының өліміне күйінген Бейбарыс Хуанды шақырып алып, басын шабады. Бойын тек қана арамдық кернеген, мен көрген «Бейбарыс сұлтандағы» Хуан кейпін Бекжан Тұрыс тың шеберлікпен сомдаған-ды. Әзәзіл де, сұм да, жәдігөй де бола білді.

Кішкене кезімізден Бекжан Тұрыс бөрімізге таныс. «Ұят болмасындағы» ақсақалдың бейнесі әлі көз алдымызда. Дауысы қоңыр үнді және жағымды. Сол бала кезімізде, шыныменен, жасы келген ақсақал екен деп қабылдап, иланатынбыз. Бұның өзі кез-келген кейіпкерді сезініп, беріле сомдағаны емес пе?!

Комедия жанрындағы рөлдерін айтсайшы, шіркін! Бекжан Тұрысты былтыр көктем айында Тынымбай Нұрмағанбетовтың «Қожанасыр тірі екен» атты спектакліндегі Қожанасыр бейнесінде көрдім. Әуезов театры көрерменге лық толы. Бір уақытта залдың жарығы сөніп, музыкамен қойылым басталды. Замануи киінген екі жігіттің ырғасып жатқан сәтінде, артынан Қожанасыр есектің үстінде, яғни есектің басын кигізіп қойған үш аяқты велосипедпен шыққанда театрдың ішін күлкі кернеп кетті. Түрлі қимылдар жасап, тісін жұлып алып басынан айналдырып, бұтының арасынан лақтыруы сияқты әрекеттерін де Бекжан Тұрыстың өз жанынан шығарып, жүріс-тұрыс қалыптастырғаны көрініп-ақ тұр. Күлдіртіп отырып, мардымды ойларға бастайды. Күлкі сыйлап, көңілдерді бір сергітіп тастаған Бекжан Тұрыс кейіпкерінің кілтін тапқан. Кешегі Жөмеңке, Жиренше, Таубай, Шәмшілерді кейіптеген Бекжан Асаубайұлы, Қожанасырды ойнады дегенге сенгіңіз келе ме? Маған сеніңіз, осының бәрі шынайы шеберлік, іркілмес ізденіс, ерен еңбектің арқасы...

Әсет АҚМОЛДА,
«Театртану» мамандығының I курс студенті
А. Қадыралиева шеберханасы

Кино – көркем фото суреттердің жиынтығы емес...

Қараша айының 19-20 аралығында Қазақ ұлттық өнер университеті «Өнертану» кафедрасының ұйымдастыруымен Сүлейман Демирел атындағы университеттің ассистент-профессоры, өнертану докторы (Phd) Молдияр Ергебеков «Кинотану саласындағы ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдері» және «Кино теориясын зерттеудің батыстық әдістері» тақырыбында семинар сағатын өткізді. Екі күнде өзекті мәселелерді қарастырып, қызықты да пайдалы дәріс берді. Семинар соңынан Молдияр Ергебековтің өзімен әңгімелесіп, сұхбат алуға мүмкіндік туды.

- Өнер ордамызға қош келдіңіз. Бүгінгі қазақ киносы туралы айтар ойыңыз қандай?
- Рахмет. Қош көрдік. Бүгінгі қазақ киносы открытка (ашық хат) секілді. Қазіргі кезде фильмдер түсіріліп жатыр, бірақ бәрі де көркем фото суреттер сияқты. Кино – көркем фото суреттердің жиынтығы емес, фильмде ішкі мазмұны, мәні мен мағынасы болуы тиіс. Мен өзімді

көре алуым керек. Бірақ, қазіргі көп фильмдерден өзімді көре алмаймын. Сіз де өзіңізді таба алмайсыз. Қазіргі кезде бәрінің қолында смартфон бар. Көркем фото суреттерді өздері де жасай алады. Содан кейін байқағаным – соңғы кездері фестивальге арналып түсірілген фильмдер көп. Ал, бірақ негізгі фестиваль – халық болу керек. Шетелдік фестивальдерге ұмтылғанша, халыққа қарай ұмтылсын, халықтың көруінің өзі фестиваль емес пе? Халықты кім түсіріп жатыр? Түсіріліп жатқаны – саны бар, сапасы жоқ өтірік комедиялар, тіпті ол комедия емес, порнография. Әрине, бұл өте оқинарлық. Өйткені, жалған комедиялар мен драмалар эстетикалық талғамымызды құнсыздандырып отыр. Олардың халыққа беретін еш нәрсесі жоқ. Соңғы кездері көбейіп кеткен тойдағы асабалар секілді сылдыр сөздер, арзан әзілдер...



- Кейде, «Киносыншылар үндемейді, сын жоқ» деп жатамыз. Сіздің осы пікірге көзқарасыңыз қандай?

- Шынында да, жалқаулықтың бар екенін айта кеткім келеді. Біздің кинотанушы ретінде міндетіміз – кино өнерін Қазақстан халқына дәріптеп көрсету, оны бағалау. Халықтың өнерге деген құндылығын, көзқарасы мен білімін арттыру. Бұл тек киносыншыларға байланысты мәселе емес, жалпы ғалымдарға байланысты мәселе. Өйткені, Қазақстандағы университеттегі мұғалім аптасына, шамамен, 25 сағат сабақ беру керек, сол кезде сіз теледидарға шығуға, газеттерге мақала жазуға, ғылыммен айналысуға уақыт таба алмайсыз. Дегенмен, бұл міндетімізді жұмысымыз қаншалықты көп болса да, уақытымыз тар болса да атқаруға тиіспіз. Мен өз басым жастарға сеңемін, өте жақсы жалынды жастар шығып келе жатыр. Университет қабырғасында тәлім алып жүрген студент, мамандық алдында өз жауапкершілігін сезінуі тиіс. Сіз бұл мамандықты өте жақсы игеріп алуға міндеттісіз. «Қоғамға қандай пайда тигізе аламын?» деген сұрақты ойлауы керек.

- Қазақ фильмдеріне көрермен неге қызығушылық танытпайды?

- Біріншіден, «қолда бар алтынның қадірі жоқ» дейді ғой, өзіндікі болғаннан кейін құнды бір шикілік бар секілді қарайды. Екіншіден, расында да, шикілік болуы мүмкін. Мысалы, өткенде «Хабар» телеарнасынан бір телесериалды қарап көрейін дедім. Ол жерде шетелге оқуға кеткісі келген бір қыз көрсетіледі, бірақ елдің аты аталмайды. Соншалықты надан фильм (кешіретсіз бүйтіп айтып тұрғаныма), өйткені көршілес жатқан кез-келген ел бізге шетел емес пе? Неге кейіпкердің баратын елінің атын нақты көрсетпеске? Жаттанды диалогтары мен жасанды әрекеттерін үш минуттан артық көре алмадым. Қоғамнан алыс болғандықтан, біз ол сериалды қабылдай алмаймыз. Алайда, Қазақстандағы кино индустрия өнімдерімен байланысымыз соншалықты жаман емес. Мысалы «Қара шанырақ» деген сериал бар. Оны көптеген аймақтарда көретіндерін байқадым. Себебі, мұнда бізді бейнелейді, біз жайлы айтылады, ой толғайды.

- Сүйікті фильмдер мен режиссерлеріңізді атап өтсеңіз.

- Менің ең сүйікті режиссерімнің бірі – А.А. Тарковский. Қазақ режиссерлерінің Ш. Аймановпен Д. Өмірбаевтың фильмдері жаныма жақын. Сондай-ақ, К. Шайқақовтың «Күрке» фильмі ұнайды. Әрине, «Күрке» фильмінде қарабайыр тұстар кездеседі, бірақ ол режиссердің

тазалығынан туындап отырған сияқты. Алдағы жылдарда К. Шайқақов өзін өрі қарай дамытып, осы фильміндегі тым қарабайырлықты жояды ғой деген үміттемін.

- Елдің назарында жүрген Е. Тұрсыновтың «Жат» фильмі жайлы айта кетсеңіз. Ол жердегі басты кейіпкер – қоғам қабылдамаған немесе қоғамды қабылдамаған кейіпкер ме?

- Ф.М. Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовты» оқитын болсаңыз, сол жерде мынандай бір ой айтылады: «біреу үлкен қателік жасаған болса, менің де кінәм бар» – дейді. Яғни, әлемдегі кез-келген қателіктің біріне мен себептімін деп ойлауы керек дейді. Неге? Өйткені, өрқайсысымыз – қоғам мүшесіміз. Қоғамның мүшелері ретінде басқалардың басына күн туған кезде, сырт Фильмдегі Ілиястың бала кезінде әкесін НКВД-ның адамдары алып кеткен кезде, көршісі соның жалғыз биесін алып кетеді ғой. Яғни, Ілиясты қоғам жат қылды, оның жат болуына қоғам кінәлі. Ал жақында Таразда өз-өзін өртеген баланы алсақ, ол жерде де біздің, яғни қоғамның әрбір мүшесінің кінәсі бар, біз оған көмек берудің орнына баланы түсірген оператор секілді түсіріп қарап тұрдық. Әйтпесе, полиция қызметкерлерінің оны ұрып-соққанша, жәрдем беруі қолдарынан келетін еді ғой. Айналадағы адамдар бұл баланың бойындағы өзгерістерді байқаулары керек еді. Мынаған таң қаламын, көптеген адамдар сол видеоны соңына дейін көрді. Сонда ұят деген ұғым жоқ секілді. Өз басым ол нәрсені көрген кезде қатты ұялдым. Өйткені, ешнәрсе істей алмадым және менің отандастарым ол балаға қол ұшын соза алмады.

- Бүгінгі шетелдік кинотанушылардың назарында қандай мәселелер бар?

- Шетелдік кинотанушылардың ең негізгі мәселелері: кинодағы бейнелер, кино мен саясат, кино мен идеология арасындағы қарым қатынасы. Әлеуметтік тұрғыдан кинозерттеулер жасай отырып, қоғамның қандай екендігін анықтауға тырысу. Осы мәселелер заманауи кинотанудың жана тенденциясы болып табылады.

- Көптеген шетелдік оқу орындарында кино туралы дәріс бердіңіз. Ол жердегі оқыту үрдісінде ерекшеліктер бар ма?

- Өринге, өкінішке орай бізде қазір мектептерде әдебиет пәні тереңдетілмеген. Әсіресе, әлем әдебиетінен Д. Дефо, Р. Крузо, Ш. Айтматовтан басқа ешкім оқытылмайды. Сондықтан, кинотануға келген балалар әлем әдебиетін білмей келеді, өзі де жеке ізденбеген. Қазақ әдебиетін де білмей келеді. Оларға бір нәрсені жеткізу үшін, өте қарапайым түсіндіру керексін. Өйткені, ғылыми тілде түсіндіре бастасаң қабылдамайды. Мен Қазақстанда бұл тұрғыдан өте қиналамын. АҚШ-та Юта университетінде, Түркияның Газиантеп университетінде, Қырғызстанда Манас университетінде сабақ бердім. Бұл елдерде ондай мәселе жоқ. Тақырыпқа тікелей кіріп кете аласың. Түркияда мектеп бітірген кезде жүз романды толық оқып бітіру керексін деген талап қойылған, сол себептен олар дайын болып келеді. Бұл өте керемет нәрсе. Ал, бізде «Өзің-өзі тану» деген сияқты пәндер бар. Адам, егер, әдеби еңбектерден бейхабар болса, өзін қалай тани алады? Сондай-ақ, «Сыни көзқарас» деген де пән бар екен. Ол жерде не оқытылады? Мен түсіне алар емеспін. Достоевскийді, Мопассанды, Кантты, Гегелді, Кафканы, Ницшені оқымаса, сыни көзқарасқа қалай ие бола алады?

- Әңгімеңізге рахмет, өзіңізге шығармашылық табыстар тілеймін.

Сұхбаттасқан: Назгүл АҚШАЛОВА,
«Кинотану» мамандығының 2 курс студенті

Ә.ғ. кандидаты, доцент Н. Мұқышева шеберханасы

Требования времени и кредитной системы

С начала учебного года учебный процесс факультета «Театр, кино и ТВ» заметно изменился. Студенты не только слушают лекции и сдают семинары, теперь у них появилась возможность посетить мастер-классы мировых кинематографистов. А это значит, что кредитная система в нашем вузе выражается не только рубежным контролем и элективными дисциплинами. Подробнее об этом мы спросили у заведующего кафедрой «Кино и ТВ» Тайшанова Талгата Турганбаевича.



- Талгат Турганбаевич, добрый день! Скажите, кто стал инициатором цикла мастер-классов от ведущих кинематографистов в КазНУИ?

- Здравствуйте, Камила! Согласно стратегического плана развития КазНУИ на 2011-2020 г.г. по подготовке специалистов в области культуры и искусства и художественного образования, кафедра «Кино и ТВ» продолжает обмен профессиональным опытом через проведение мастер-классов от ведущих кинематографистов. Я хочу выразить благодарность от имени ППС кафедры «Кино и ТВ» ректору КазНУИ, профессору Айман Кожабековне Мусахаджаевой за ее поддержку мастер-классов. Она не только контролирует весь процесс по приглашению, проведению мастер-классов, но и находит время, чтобы встретиться с нашими гостями и обсудить пути сотрудничества в будущем. В этом направлении большую работу проводит также служба международного сотрудничества и творческой деятельности университета. Работа будет продолжена и в последующие годы. Интеграция в мировое образовательное пространство и участие в мировом кинопроизводстве будущих кинематографических кадров, которые мы готовим, является важным для нашей кафедры «Кино и ТВ».

- По какому принципу выбираются кинематографисты для проведения встреч?

- Кафедра «Кино и ТВ» готовит специалистов по восьми направлениям. Поэтому нам очень важно приглашать ведущих и действующих кинематографистов из разных стран. Необходимо чтобы наши будущие выпускники могли свободно работать в любой точке мира. Поэтому стараемся, чтобы мастер-классы проводили специалисты из разных стран: Италии, Израиля, Франции, Германии, России и, конечно, из Казахстана.

- Какие трудности возникали у Вас при приглашении столь занятых людей?

- Вы правильно заметили, что люди, которых мы приглашаем на мастер-классы, очень заняты. И это главная трудность для нас. Но, несмотря на это мы договариваемся и находим удобные дни для проведения мастер-классов. Хотел бы остановиться ещё на одном важном вопросе, это касается знания английского языка нашими студентами. Здесь у нас большие проблемы. Пользуясь возможностью хочу обратиться ко всем студентам, не только нашей кафедры «Кино и ТВ». Чтобы свободно и профессионально работать в мировом кинопроизводстве, необходимо знать английский язык. Без этого невозможно выйти на мировой уровень. Это требование времени.

- Судя по встречам, мастер-классы проходят очень продуктивно. Какие результаты Вы сейчас наблюдаете у своих студентов? Применяют ли они знания, полученные от ведущих кинематографистов?

- Студенты и ППС кафедры «Кино и ТВ» проявляют большой интерес к мастер-классам, так как эти мастер-классы ведут успешно действующие в своих областях специалисты. Мастер-классы мы начали с азов. Что такое кинопроизводство? Из каких этапов оно складывается? Потому что, не зная этих азов, базы, рано говорить о том, как продавать свою картину в кинотеатрах. Ее надо сначала сделать. Сейчас усиленно занимаемся глубоким изучением процессов кинопроизводства от замысла, идеи к законченной картине и ее прокату. Надо активно воспитывать кинематографические кадры нового поколения. Полученные знания, навыки, секреты мастерства профессии студенты применяют в своих учебных, курсовых и дипломных проектах. Хочу озвучить темы некоторых проведенных мастер-классов.

• **Анна Качко** (Германия). Тема мастер-класса: «Продюсирование кино: от идеи к успеху». Качко Анна является независимым продюсером более 10 полнометражных художественных фильмов, которые финансировались как частными деньгами, так и государственными организациями в Европе, России и Казахстане.

• **Михаил Фатахов** – сценарист, режиссер (Россия). Тема мастер-класса: «Как заставить зрителя сопереживать героям? Правда и ложь о структуре сценария».

• **Нугманов Рашид** – кинорежиссер, сценарист (Франция). Тема мастер-класса: «От замысла к зрителю».

• **Франк Фогель** - фотограф (Франция). Тема мастер-класса: «Фоторепортаж. Портретная съёмка».

• **Ренат Косай** – кинооператор, режиссер (Казахстан). Тема мастер-класса: «Мастерство оператора. Съёмка художественных фильмов».

• **Александр Финкельштейн** – директор по СНГ компании «ОРАД» (Израиль). Тема мастер-класса:



«Оформление эфира, художественное оформления передач и студий в кино и в телеиндустрии».

• **Сергей Ландо** – кинооператор, профессор Санкт-Петербургского института кино и телевидения (Россия). Тема мастер-класса: «Работа оператора над документальными, художественными (в стилистике «ретро») и короткометражными фильмами».

Думаю, понятно, что мастер-классы были очень интересными!

- **Какие впечатления остаются у гостей, посетивших наш университет?**

- Здесь я бы хотел представить слова самих наших гостей.

Фатахов Михаил – сценарист, режиссёр, Россия

«Огромное спасибо кафедре «Кино и ТВ» КазНУИ за тёплый приём. Желаю вам непрерывного творческого роста, хороших талантливых студентов, которые прославят Ваш прекрасный университет и будут предметом гордости всего казахского кинематограф!»

Анна Качко – независимый продюсер, Германия

«За время пребывания в Астане, в Казахском национальном университете искусств я познакомилась со множеством интересных людей. Это и преподаватели, которые искренне любят свою профессию и студенты, которые полны мотивации, чтобы стать профессионалами своего дела. Хочется пожелать кафедре «Кино и ТВ» Казахского национального университета искусств продолжать развивать международное сотрудничество. Чтобы студенты и преподаватели могли проходить стажировку в разных концах планеты и чтобы в скором времени появилось множество ярких кинопроектов сделанных студентами и выпускниками университета!»

Рашид Нугманов – кинорежиссёр, сценарист, продюсер, Франция

«Я считаю крайне важной работу, которую прделывает Айман Кожобековна Мусахаджаева, воспитывая в столице нашей родины новое поколение кинематографистов. Потому что столица призвана иметь свою развитую кинематографию на мой глубокий взгляд. Поэтому я с удовольствием приезжаю и общаюсь со студентами. Передаю опыт, который я приобрел работая в Казахстане и в России и в Лос-Анджелесе. Я думаю, все это им крайне необходимо для того, чтобы быть всесторонне развитыми.»

- **Талгат Турганбаевич**, большое спасибо за Ваши подробные ответы и предоставленные отзывы гостей!

- Не за что! Это очень важно и для меня.

Нам остаётся лишь радоваться, что на этом цикл мастер-классов ещё не заканчивается, и мы будем с нетерпением ожидать новых кинематографистов! И, да, дорогие студенты, учим английский!

Беседовала: Камила ГАБДРАШИТОВА

Ішінде қасқыр өліп, ит ұлып жатыр... (Кейіпкер көзімен)



- Әй, сенің ішінде ит ұлып жатыр. Не қыңсылағанын естімейсің бе? Естімесең, естіме онда!.. Міне бұл Сырымның ішіндегі Сырымның үні. Бұл көңіл шері көзге көрінбесе де, қабырғасын сөгіп, берекесін кетіретер, кесапат көрініс.

Сырты сау, іші сырқат тартқан тұста өкесінің інісі Назымбек Мұқаевқа бар шерін жайып салатын. Шарапаты жұртқа тиген, еліне елеулі болған, ағасынан қол үзгеннен бері өзін қораш сезінін жүргені де жоқ емес. Қазіргі сырласы – бар мұның, жан айқайын тындаса да, мұның дұрыс не теріс деп тіл қатпайтын қалақ домбырасы ғана. Қос ішекті алма кезек сүйкеп тартқанда сүйсіне сыр бөлісіп, сай сүйегін сырқырата отырып, үні де үйлесіп, сызыла қалады.

Әне, перне басқан сұқ саусағы сәл тына қылғаны сол еді, есіне өткен шақтың сәті оралды. Жаңаарқа ауданындағы нағашысының көлігіндегі көрініс. Ол кезде не бары оныншы сыныпта еді ғой. Көрікұлақтардың көзін көрін, сөзіп естін, үйірсек болып өскен Сырымның құлағына таныс үн саңқ ете қалды. Құдды еркін даланың еркелеп аққан өзеніндей гүрілдеген қоңыр үн құлағын елең еткізді де, жүрегіне барып қонақтай қалған-тын. Үн таспадағы Қайрат Байбосыновтың орындаған «Алтыбасары» оның өмірін осы арнаға бұрып әкелген еді. Нағашысынан аттай қалап алған сол таспа өрімдей ұлдың өмірлік мектебінің кілтті екенін кім білген?! Кілт көзіндегі ойға шомылған жанары сейілгені осы еді, « – Әй, Қалқам...» – деп, «Алтыбасарды» төгілте жөнелді. Қолы енді жүгіріп, қаны тулай бастағаннан болар, көзінде от ойнап, өлгені тіріліп, өшкені жанғандай «Қызыл асықты» шырқата кетті, қызыл кеште, қызды ауылдың төріпде көсіле шырқап, шабыттанып отырған Үкіліден бір аумастан үкілі домбырасын ұршықша иіріп. Серілік, салдық деген салтанаты жарасқан сауықты, салты мен сыры бұзылмаған сол күндерді сағынатын сыңайлы. Міне, осы сезімнің ләззатын сезіп тұста, қыңсылаған ішкі өлемі қоректеніп қалғандай. Енді ғана жаны рахаттанып, көкірегі катарсис алып, кеудесінен тылсым бір ұлкен ауа бұрқ етіп сыртқа шықты да, сылқ етіп орындыққа отыра қалды. Ол енді сезді. Ішінде қасқыр емес, ит ұлып жатыр екен. Әсілінде, көкірегі қасқыр еді ғой. Тілін ұмытып қалған бүгінгі қазақтар сияқты ұлуды ұмытып, көкжал итке айналып қыңсылап, ырылдап емес, шәуілдеп жатыпты ғой. Оның көкірегі де өзі сияқты жеңіл әуеннен жерішін, мазмұнсыз әндерден әбден зәре-зап болған. Кейде қалтаның қамы үшін, той-томалақта көпшіліктің ырқына жығылып, эстрадалық әндерді шырқағанынан болар денесін бөлек күш қысып, рухы алып-ұшып, итше тіміскіленіп кететіні сондықтан. Эстрада жұлдыздарының бағы жанған бұл қоғамда, дәстүрлі өннің дауы мен әуресі көбейіп-ақ тұр. Өсіресе, жаңа буынды қойып, ересек тартқан ескінің көздері де Сайлаубектің әніне билеп, жарыса айтып жүргенін көргенде қалай жеріпбеске?! Тек әні емес, тілі тұл болып, аузына құм толып, басқаша сайрап жүрген бөрілердің мекені итшілеп күн кешіп кетті емес пе?! Сол себепті де азынап жел соғып, бос қалған құмырадай күй кешсе дәстүрлі өннің бір парасын қайырып шығу, әуеліден, күнделікті әдетіне айналған «Сап, сап!» – деп, жанын сабырға шақырып отырған Сырымның санасына бір ой саңқ етпесі барма. «Әй!» – деді тіл қатып. Меңіреу тыныштық орнаған үйдің ішінде, жападан-жалғыз өзімен-өзі күбірлесіп. Бір кезде нүкте, үтірсіз судыратып сөйлей жөнелді. «Жалқау, дарақы, аңғал, ынжық, надан, таяз!» – деп, әңтіккен беті өзер тоқтады.

Сонда барып ішіндегі Сырым сыртқы Сырымның сырын жетелеп әкетті. «Сенің жалқаулығың өмірде ғана. Өнерге келгенде еріншек емессің. Жалқаумын деп жазғырғаның жеткен жетістігіне, орындаған өніне сынмен қарап, көңіліңнің толмасын білдіреді» – деп, өзіне ғана естілетін, анық үнмен жауап қайтарды. Сырым енді ғана өз нүктесін тапқандай, көзін тас жұмды да, өзіне құлақ түрді. «Дарақылығың – дарыныңмен келген. Санқ-санқ күлгенің, кербез көз тастағаның, кейде еліріп кететінің, тіпті жөң-жосықсыз мінез көрсетіп, кекілін кесісердей шорт кесім жасауың осы дарыныңа байланысты. Сондықтан, сен жүйріктің, бас білмес асаудың, қасқырға шабар иттің, көкжалдан қорықпас тазының, қансонардағы аңшының суретін жиі салатын себебің – осы. Өлендерінде де мінез...» – дей бергені сол еді, Сырым сөзді жұлып алып, өзі жалғастыра кетті. «Иә, иә! Өлеңімде де мінез бар. Бір кітаптың көлеміндей өлең жазсам да, мен бірінші орынға әнді қойғам. Дарақылығым дарынымнан емес, «аңғалдығымнан». Аңғалдығым алға шыққанда аузыма сөз тұрмастан сырымды ашып қоямын. Мұны пайдаланған бәз біреулер өзіме қару ретінде қолданып-ақ жүр. Шарасыздың күнін кешкенім «ынжықтығым». Болды әрі қарай айтпаймын!»

- Неге?

- Ауызым күйген.

- Неден? Таяздығыңнан ба?

- Отызға келсем де, орда бұзбадым...

- Жоқ. Отызына дейін ортаннан оза шаптың. Әміренің атындағы конкурстан I орын, Халықаралық «Шабыт» фестивалінен бас жүлде, өнер фестивалінен президент кубогы, Естай Беркімбайұлының, ол аз десен Әсет Найманбайұлының атындағы байқаудан да III орын, Тәйжан Қалмағамбетовтың атындағы ән додасында II орынға табан тіредің. Басқа да үлкенді-кішілі байқаулардың жеңімпазысың, былтырғы «Аққу жеткен» шығармашылық кешінің өзі неге тұрады, әрі университетте педагогсың.

Сыртқы Сырым сырын ішіне бүккендей, үнсіз қалды. Бұны сезген екінші Сырым келесі сұрағын жалтарақтап өзгер сұрады: «Қалжындаймын. Білемін ғой. Негізі, сен надансың!.. Биыл тоғызыншы жыл Қайрат Байбосыновтан оқығанына. Бір кісіден білім алу үшін төрт жыл жетпей ме? Не деген жұғымсыз едің? Әлі оқып болмадың ба?».

- Е, ақымағым ай! Байбосынов деген сайға сай қосылып сарқырағандай ағысы қатты үлкен дария ғой. Оны зерттеу, құнарын игеру он жылдықты қойып жүз жылдықтың өзіне ауырға түсер. Міне, сондықтан да жанынан кетпеске бекініп, педагогика жолына келдім. Өзім үйренем, үйренгенімді тәжірибеде үйретемін. Сен мені теріс түсініпсің... – деді де, Сырым үн-түнсіз ішкі әлемімен байланысын үзіп тастады. «Өзімнің таяздығымды айтқаным білгенім бір тоғыз, білмегенім тоқсан тоғыз жөнінде болатын» – деп, орынынан серпіле тұрып, домбырасын қорабына салып, ара-тұра қолына алатын қойын дәптерін ашты.

«Мен адамды бөліп жармаймын. Мен үшін жақсы адам, жаман адам деген жоқ. Кез келген адамнан жақсылық іздеуге тырысамын. Осы күнделікті оқитын жан болса, мен де жақсылық іздеуге тырысса екен» – деп, Жанаарқадағы жалаң аяқ балалық шағынан бері қарай сыр шертетін қалың күнделігінің соңғы жағына айы мен күнін және Сырым Мұхаметжанов деп жазып қаламын орнына қойды. Ал, ішіндегі Сырым үнсіз ...

Нұрислам ӘБДІЛ,
«Театртану» мамандығының 3 курс студенті

Жаңа дос

Құрметті оқырмандар, мен сіздермен қуанышыммен бөліспекпін. Мен жаңа дос таптым. Қазақылықты, жігітке тән мінезді, имандылықты бойына сіңірген, тіпті десеңіз, өнерден де құр жаяу емес, домбыра ойнағанын көрсеніздер тәнті болатындарыңызға кепілдік беремін. Ол қандай дос, кім деген дос деп барлықтарыңыздың қызығып отырғандарыңызды сезіп отырмын. Ендеше тынданыздар, мен басынан бастап баяндап берейін.

Батыстың тумасы, есімі – **Еркебұлан Соңғыбаев**. Маңғыстау облысы Ақтау қаласында 1992 жылы дүниеге келген. Біз айтып жүрген қатал да қатаң тағдырдың жазғаны болса керек, үш жасынан бастап нағашы жұртында, анасының ақылымен, мейіріміне бөленіп өскен азамат. Жас кезінен спортқа бейім болғаны сонша, күрес, жүгіру, бассейнде жүзу, тағы басқа спорт түрлерімен айналысқан. Спортқа деген икемі барын, өзін ұстауынан, дене бітімінен бірден аңғарасыз. Бойында бар өнер қашан да болмасын, кімді болмасын өзінің ырқына бағындыратыны ақиқат. Осылайша Еркебұлан досым мектеп қабырғасында жүріп-ақ домбыра үйірмесіне де қатысады. Еркебұлан бойында бар өнерін жасырып қалмай, керісінше ізденіп, талмай жұмыс істеп, қолындағы домбырасын сенімді серігіне, айырылмас досына айналдырады.

Күйші болуына, қолына домбыра ұстап, өнерге келуіне себепші болған, алғашқы ұстазы – қазіргі таңда Қазақ ұлттық Құрманғазы атындағы консерваторияның құрметті профессоры Роза Айдарбаева. «Жарысқа түспей, бәйге алма» – деп, хакім Абай айтқандай бала Еркебұлан жас кезінде жарыстарға қатты құмар болды және өнердегі ағаларына қатты еліктеп, өмірінен өнерге жол ашты. Мектеп тамамдаған Еркебұлан, 2007 жылы Маңғыстау өнер колледжіне оқуға түседі. Сол жылы бірінші курста оқып жүріп-ақ, Есір Айшуағұлова атындағы жарысқа қатысып, үшінші орынға табан тірейді. Тек тұғырдан, биіктен көрінсем деп алдына мақсат қойған жас дарабозды бұл жетістігі аса қуанта қоймайды. Өмірде әр жеңілісте, жеңісте сабақ болатыны белгілі. Осыдан кейін Еркебұлан өзін қайрап, қамшылай бастайды. Араға бір жыл салып, 2008 жылы Мұрат Өскінбаев атындағы үшінші республикалық күйшілер жарысына қатысып, бас жүлдеге ие блады. Осы байқаудан студент Еркебұлан көлік ұтып алады. Ол кезде көлік ұтып алу бірең-саран, тіпті десек, ақындар айтысында ғана тігілетін еді. Талабымен тауды да қопарамын деп тұрған жас күйшінің есімі Маңғыстауға танымал бола бастайды, аймақтық телеарналар қонаққа шақырып, экраннан көрініп қана қоймай, халықтың қазынасы тойларға да көптеп шақыртулар түсе бастайды. Осылайша, колледжді 2011 жылы үздікке тәмамдап, Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетіне оқуға түседі. «Әрине, өзгелер секілді арман қуып, Алматыға барып, өнердің қайнаған ошақтарынан да білім алып, шындалуыма болар еді, бірақ білмеймін бүйрегім Астанаға бұрды» – деп еді бір сөзінде. Осылайша жас талант бірінші курста аты шулы «Шабыт» фестиваліне қатысып, Дина Нүрпейісова атындағы арнайы сыйлыққа қол жеткізеді. Жаңа өнер ордасына келіп, өмірлік дос, өнерлік бәсекелестер тауып, шындалып, күйшілік өнерді тереңдете түседі. 2012 жылы осы бірінші курсында, домбырашылар жарысының ең қиыны, ең үлкені жер-жерден келіп, «менмін» дейтін мықтылар бағын сынайтын Құрманғазы атындағы республикалық байқауға қатысады. Жарыстың ережесі бойынша, Құрманғазының күйін жеребе бойынша жатқа ойнап, тағы басқа да композиторлардың күйін ойнау шарт, кем дегенде репертуарда 70-тей күй болуы керек. Осы жарыста Еркебұланның бағы жанып, бас жүлдені қанжығалайды. Осылайша,

оқуын тәмамдағанша көптеген жарыстарға қатысып, бұйырған жүлделерді тақымына басып, әр жарыстан өзіндік сабақ алып, өз ортасында өнерімен көпшілікті тамсандырып, өзін өнердегі достарына бірінші курсында-ақ мойындатады. Өнердегі әкесіндей, керек кезде досындай болып кеткен университеттің профессоры – Тұрар Әліпбаев ұстазының қолдауымен 2013 жылы университеттің Жамбыл Жабаев атындағы концерт залында шығармашылық кешін береді. Бұл да болсын Еркебұлан Соңғыбаевтың жетістігі.



Еркебұлан әннен де күр алақан емес, арасында термелер орындайтын да әдеті бар, гитарада, фортепианода ойнайды. Бүгінгі күнде сол аталмыш университеттің бірінші курс магистранты және «Көк түрік» этно-фольклорлық ансамблінде солист-домбырашы болып қызмет атқарады. Маңғыстауда танылмай, аты қатты дүркірей қоймаған күйшілермен, көп орындалмаған күйлерді насихаттап, Маңғыстаудың күй өнері жайлы диссертация қорғау туралы ізгі арманы бар. Қазірде репертуарында 160-қа жуық күй бар. Еркебұлан бүгінде тек шығармашылыққа көп көңіл бөліп жүр. Қазақи ізгілік болмысты алға тартып жүретін замандасым, артында өсіп келе жатқан өнердегі іні-қарындастарына жол бергені болуы керек, жарыстарға қатысуды саябырландырған. Алда Алланың қалауымен өз мектептерін қалыптастырып кеткен күйші ата-апаларының ізін жалғап, шөкірттер тәрбиелесем бе деген мақсаты тағы бар. Екіншісі композитор болып ән-күй шығарып жүрген мына заманда Соңғыбаев жеңіл дүниеге барғысы келмейді. «Күй - тәңірдің күбірі, өте қасиетті, жеңіл қарауға болмайды», – дейді ол «Әр нәрсе өз уақытымен, Раббым шабыт беріп, ондай өнер дарытса, өмірге күй әкелермін, әзір ештеңе айталмаймын» – дегені есімде.

Сіздер білесіздер ме, ол домбыраны өзінің он үшінші мүшесіндей сезінеді. Керек кезде сырласады, оны құлатып алса, қақ жүрегін біреу найзамен түйрегендей жаны ауырады. Бірге оқып жүрген достары жан-жаққа кеткеннен кейін болуы керек, оның қазіргі сенімді сырласы – осы домбыра. Дос демекші, Еркебұлан үшін дос ұғымы өте қадірлі, өте бағалы. Ол достыққа адал екенін бір емес, бірнеше рет айтқанын айтпай кетуіме болмас. Ал махаббат жайына келер болсақ, әлі басы бос, өмірлік жарын әлі жолықтырмаған, десек те қиялындағы қыз қазақы болу керек деген талабын қас қабағынан байқағандай болдым. Батырдың қаруы – найза, қылыш болса, домбырашы-күйші жігіттің қаруы – домбыра. Бұл досымның екі домбырасы бар. Біріншісін – анасы сыйға тартқан болса, екіншісін – ұстазы Роза Айдарбаева атақты күйші Қаршыға ағамызға таңдатып алып, жас өнерпазға табыс еткен. Шертпе өнерге қатты берілген Еркебұлан бойындағы өнерімен қазақ сахнасында ғана емес, шетелді де тәнті етіп жүр. Ұлттық өнердің қазіргі ахуалына қатты көңілі толмаса да, болашағы жарқын екеніне сенеді, сол жолда тер төгу керектігін біледі.

Міне, менің жаңа досым осындай. Жігітке жеті өнер де аз. Бойынан қазбалай берсеңіз, өнер түрлері табыла береді. Досымның алдағы армандары орындалып, алға қойған мақсаттарын бағындыра берсін. Өмір мен өнерде қанаты талмай, еңбек ете берсін деп тілемекпін. Ал, құрметті оқырмандар, досқа берік болғайсыздар!

Хәкім ХАСАМБАЙ,



Өмізде өмір дөңгелек

Көптен бері бөлек болмысы мен ерекше бейнесі көзіме жолығып, көрген сайын көңілімді толғандырып, терең ойларға батыратын бір тұлға бар еді. Басқалардан ерекше жаратылған түр-тұлға бар еді. Көзіме ұшырасса, бар ойымды қияларға ұшырып алып кететін сол бейненің ішкі дүниесін сырттай зерттеп, зерделеп жүретінмін. Неге екенін қайдам, кезіккен сайын қиялымды қытықтап, жүрегімнің нәзік тамырлары үзіліп жатқандай күй кешіп, өзімше аяп кететінмін. Онымен сөйлесіп, тілдеспегеннен бе, әйтеуір, маған сол адам жұмбақ әрі аянышты көріне береді.

Жан-дүниесін жұлмалап жатқан армандары көп екендігіне күмәнім жоқ. Жәй жүрген кезімде алдымнан кес-кестеп былай да былай өтіп жүретін оны әдейілеп іздесем, мүлде таба алмайтыным – маған қайғы. Осы бір өзгеше жаратылыс иесінің жан сарайымен танысып, ой, армандарын білуге құмартып-ақ тұрамын. Көп ұзамай бұл жұмбақтың шешімін таптым. Менің алғашқы ойым мен қазіргі ойымның арасы жер мен көктей болып шықты. Таң қалдым және оның айтқан сөздерін естігенде ұяттан кірерге жер таппадым. Қысқасы, Алтынбекпен оңаша отырып ұзақ әңгімелестім.

Мен оқушы кезімде мектептен қашушы едім, ал Алтынбек үшін мектепке бару арман болыпты. Дәл сол кезде осындай адамдар бар-ау деген ой менің миыма кіріп те шықпаса керек. Өз аяғымен жүре алмағандықтан, мұғалімдер үйіне келіп оқытыпты. Оқуға деген қызығушылығы зор, ниеті ақ Ақниет өз қатарының алды болғанына, мектепті үздік аяқтағанына сенбеске амалым жоқ. Ол сөби кезінен арбада өсіп келе жатыр, тағдыры оны амалсыз екі дөңгелекке тәуелді етіп қойғаны өкінішті-ақ. Алайда, оған налып отырған Айбектің баласы жоқ. Өз өмірім, өз тағдырым, өз дүнием өзімнің қолымда, қалай дөңгелетсем де өзім білем дегендей сыр бермейді, жасымайды. Ол осы дөңгелекпен жүріп мектепті де, колледжді де тамамдаған. Көкшетау қаласы Біржан сал атындағы музыкалық колледжде Елена Георгиевна ұстазынан эстрада-вокал мамандығын игеріп, туған жері Ақмола облысындағы аудан атымен аталатын Егіндікөл ауылынан осылай жүріп-ақ елордаға да жетті. Өнерін сүйген адамды өнері жолда қалдырмас болар, Астана қаласындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің де аталмыш мамандығындағы Майра Тұрлыбековнаның шеберханасындағы бір грантының бірінші курстағы иегері, қазір.

Алтынбектің ең алғаш орындаған әні – еліміздің әнұраны екен. Осы әнді айтқан кезде естіген құлақ тебіреніп, сезінген жүрек елжіреп, сол жердегі ауыздар оның қазіргі мамандық иесі болуына себепкер болса керек. Көптеген ән байқауларында, Республикалық фестивальдерде топ жарып, Гран-при ұтып алғаны, оны өз талантын тепкілеп, қабілетін қамшылап, тынымсыз еңбекке ғашық ете берді. Қазіргі таңда осы оқу ғимаратында жүріп, жанына өнерлі студенттерді жинап әншілер тобын құрып,

үлкен жұмысқа кірісіп те кеткені – оның өнерге деген махаббатының жемісі.

Төл теңгемізден бір жылға, білім күнінен жиырма алты күнге кешігіп дүние есігіп ашқан жанұядағы кенже бала Алтынбек достыққа да, махаббатқа да адал, жанашыр әрі сезімтал. Махаббатта онша жолы бола қоймағанын жымысып отырып жеткізе салды. Ал, достыққа деген махаббатын, жанына жақын досының бір сайыста жеңіске жетіп қуанғанында, жүрегі мәңгілікке тоқтап қалғанын естігендегі жағдайын жанарының нұрлы қабықшасында жылт ете қалған қимастығынан түсіне қойдым. Қанша дегенмен де, он екі мүшесі сау адамдар қатарынан табыла алмайтын менің кейіпкерім, сол адамдардың кейбірінен артық ойлап, артық іс-әрекеттер жасап жүр. Бар құпиямызды ашып, жан сырымызды ақтарып түсінісіп отырған ашық әңгімемізді аяғына жеткізбей үзе салғаны – маған ұнай қоймады. Мүмкін, менің оны-мұны сөз етіп, ауыз жаппай лепіріп отырғаным оған жақпады ма деп ыңғайсызданып қалғам. Сөйтсем, ол мені терезе сыртындағы Алланың үйінен шығып жатқан әлемдегі ең әдемі әуен – Азанды тыңдауға шақырып тұр екен. Осы кезде, мындаған құмырсқа денемнен жүгіріп өткендей тітіркеніп, азан аяқталғанша терең ойдың түбіпде үнсіз ойланып отырып қалдым. Осы оқиғадан кейін әңгімеміз одан сайын ашыла түсті. Денсаулығына қарамай бес уақыт намаз оқиды екен, біздің университетіміз Алтынбекке қолдау көрсетіп, барлық жағдайын жасап, игі істер атқарып отырғанына көңілім марқайып қалды. Ол үшін жүру, жүгіру арман екеніне күмәнім жоқ. Бірақ, мені таң қалдырған мәселе, Алтынбектің арманы ол емес екен. Алланың осылай жаратқанына риза. Тіпті, дұрыс деп те есептейді, себебі, «егер денім сау болған жағдайда басқалар секілді шылым шегіп, ащы су сіміріп жүрер ме едім, біреудің ала-жібіп аттап, ұрлыққа да баруым мүмкін ғой» – деген сөздері ойымды одан сайын тереңге сүңгітіп, тұңғыыққа батыра берді. Оның арманы – ата-ана үмітін ақтап, оларға қуаныш сыйлап, Қазақстанды айдай өлемге танытатын талант иесі болу. Ең бастысы, адалдық, ақ ниетті, ақ көңілді адам болу. Соңғы айтылған арманына жетіп те қалған секілді деп ойлаймын кейде. Сұхбатымыз аяқталғанша Алтынбекке таңданумен ғана болдым. Мен ойлағандай мұңды, күйлігі бар жан емес, өте көңілді, барлығына риза, иманды адам болып шықты. Болашақта Раббымыздың өзіне бұйыртқан адамымен жанұялы болып, бақытты ғұмыр кешетініне сенімі мол Жаратушы иеміз оны барлық жамандықтардан алыстатып, барша адамзаттың жылы көзқарасын осы құлына құйып тастағандай. Өмірі кіршіксіз таза, ол ешкімге, ешкім оған жамандық тілемеуді, кімге болса да сәлемі дұрыс, ниеті түзу. Осы адамға қарап отырып, өзімді жек көріп кеткендей болдым, Алтынбектің сөздері маған көптеген ойлар салды, дұшпандарымды көз алдыма әкеліп таныстырып, олармен қоштасу жайлы да біраз жоспарлар құрып бергендей болды. Осындай еңбекқор адаммен жүздесіп, сөйлескеніме қатты қуанамын, Алла шипасын берсін, жолын ашсын деген шынайы тілекпен сөзімді аяқтайын. Жүйріктей жүйткіп, сынаптай сырғып, дөңгелеп өтіп жатқан дөңгелек дүниенің қашан, қай жерде, қалай тоқтайтынын білмейміз, сондықтан, барынша жақсы амалдар жасап, тынымсыз еңбек етейік.

Нұржан САЛИМОВ,

«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

Өзгеріс



Астана. «Конгресс холл» сарайы. «Шабыт» XVIII Халықаралық шығармашылық жастар фестивалі. Немересімен келген Көзкөрген ата бүгінгі болайын деп жатқан «Халықтық музыка» аталымының «Домбырамен ән айту» сайысын тамашалауға келді. Тек Қазақстан емес, алыс-жақын елдерден келетін өнерпаздардың өнеріп көруге, ұлттық әндерді тыңдап, құлақтың құрышын қандыруға келген қария бір жағынан жастардың бүгінгі бет алысын байқауға келген сынайлы. Алдыңғы қатардан орын алған немересі мен атасы сайыстың басталуын тағатсыздана күтіп отыр. Мінеки, көптен күткен кез де келді, жарыс басталды. Сайысқа қатысушылардың өнері біріннен бірі өтеді. Жүргізуші келесі сайыскерді жариялап жатыр: Шерікбай Өзгеріс! Көзкөрген ата естіген кезде бірден елең ете қалды:

- Шерікбай Өзгеріс?! Бұл сол баяғы мен тұрған ауылдағы Шерікбайдың баласы ма еді?! Е, шырағым, өркенің өссіп! Әкесі Шерікбай тамаша әнші еді ғой, дауысы ерекше-тін. Әндерді нақышына келтіріп, керемет орындаушы еді... Сол жақта жүрген жерінен Жәнібек Кәрменов оны Қазақстанға алып келіп, оқуға түсірткен. Дауысы баритон болғандықтан, Қайрат Байбосыновтың класында оқыған еді азамат. Тек әншілігі ғана емес, онымен қоса сазгерлігі де бар талантты жан еді. Оның «Атам қазақ болған соң» әнін қазір де естіп жүремін. Жарқырап жүрген шағында кетті-ау есіл ер. Шерікбайдың артында 5 бала қалған. Мына бала сол ең үлкен ұлы Өзгеріс қой. Иә, иә, бұлардың балалық шағы менің көз алдымда отті ғой. Бесуінің жастары шамалас, балапандар құсап бірінің артынан бірі еріп жүретін. Бәріміз қызығушы едік. Өзгеріс атасы мен апасының қасында, жайлауда болушы еді. Асық ойнайтын, ләңгі тебетін, атқа шабатын, қыстыгүні балалармен шанада ойнайтын. Ой, бұл Өзгеріс бала күнінде сотқар еді. Балалармен жиі төбелесіп қалатын, балалар жиі ата-аналарын ертіп келуші еді. Дегенмен, сотқарлығын әкесі қайтыс болғаннан кейін қойды. Әкесі бұл балам «спортқа барады» – деп отырушы еді. Бірақ, олай болмады. Тағдырдың жазуымен, 4 сыныпта оқып жүрген Өзгеріс қолына домбыра алып, дәстүрлі әнге бет бұрды. Шерікбайдың ізін қуған, осы үлкен ұлы. Өте зерек бала, домбыраны да әнді де тез игеріп кетті. Дауысы да тамаша! Иә, жастайынан өнерге жанын салған бұл балаға бәрі сүйсінуді еді. Болашағы зор дейтінбіз. Көптеген бөйгеде бағын сынайтын. Өзгерістің өнерін атамекеннен келетін өнер адамдары да байқап, бағасын беріп жататын. Бірде Рамазан Стамғазиев келіп, мектепті бітірген соң, оқуға кел деп шақырған еді. Е, бұл баланың есейіп қалған шағын да көрдім. Өзі бір сабырлы, байыпты, ақкөңіл, қарапайым жігіт. Мен елге ерте оралып едім. Өзгерістің де Атамекенге келгенін құлағым шалғаны бар. Баян-Өлгейде 75-жылдық той болғанда, Қазақстаннан бір топ өнер адамдары келген. Сонда бозбаланың бойындағы талантты байқаған Махмұт Тойкенов деген азамат елге алып келді. Содан бері көптеген сайыстарға қатысып, бағы жанып жүр деп естіп едім...» – деп, ойға шомып кеткен қария Өзгерістің тамаша орындаған әнінің қалай аяқталғанын да байқамай қалыпты. Бұрынғы орындауларына қарағанда өсу бар екенін қарт бірден байқап отыр. Сүйсінін тыңдады. Ақсақалдың назары қасында отырған, сахнадағы өнерпазға ерекше ілтипат білдіріп, қолдап отырған сұлу қызға түсті:

- Шырағым, бұл баланы танушы ма едің? Қолдап отырғаныңа қарап, жолдасың ба деп топшалап отырмын. Солай ма?

- Иә, ата, дұрыс айтасыз. Біз Өзгеріс екеміз бір топта оқимыз.

- Аа, солай ма?! Есімің кім, балам? Қайда оқисыңдар сонда?

- Есімім – Аяла. Осы Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде «Дәстүрлі өн» мамандығында білім аламыз. Ұстазымыз – Қайрат Байбосынов.

- Еее, өзінің әкесінің ұстазынан оқып жүр екен ғой, қандай бақытты десеңші. Біз осы баламен бір ауылдан боламыз, шырағым. Менің есімім – Көзкөрген болады. Елге келгенін естіп едім, осында білім алып жүр екен ғой.

- Иә, ата, осында келгеніне 5 жылдай болып қалды. Оның елге оралуының өзі қызық. Бір аптаға келген Өзгеріс оқуға қалып қойды ғой.

- Аа, ол қалай болды екен? Сонда бірден осында келіп оқыды ма?

- Жоқ, Көзкөрген ата, ол алғаш келгеннен Өскеменнің университетінде «Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығында оқыды. Бірақ 1 жыл өткен соң өзінің арманын қуып Алматыдағы Ж. Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжіне келді. Онда Рамазан Стамғазиевтан үш жыл білім алды. Міне, соны бітіріп, енді жоғарғы оқу орнынында оқуын жалғастырып жатыр.

- Айналайын, болам дейтін бала ғой. Кішкентайынан көз алдымда өсіп еді. Қарап, ішім жылитын. Алла берген таланты бар, әлі биіктерден көрінер.

- Дұрыс айтасыз, ата. Өте еңбекқор, сабырлы, ізденімпаз жігіт, кітапты да көп оқиды. Ортамызда көңілді, спортқа бейімді, қарапайым, әр уақытын тиімді пайдалануға тырысатын Өзгеріске біз кейде таң қаламыз.

- Ой, айналайындар, өнерде бір-бірлерінді бағалап, осылай қадірлеп жүріңдер. Кейінгі кезде көңіл шіркінді кірлетіп ала беретін әдет тапқандаймыз ба?! Бар болындар, Аяла шырағым. Нағыз қазақтың төл өнері, қазынасы «дәстүрлі әнді» дәріптеп жүрсіндер. Сол байлығымызды бойтұмарымыздай сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізіп, саналарына сіңіріңдер, шырақтарым!

- Рахмет, ата, сіздей өнерге жанашыр жандар сенім артып жатқан соң, үміттеріңізді ақтауға тырысамыз.

Сайыс соңында сыртқа шығып бара жатқан Көзкөрген қарт: «Ассалаумағалейкум, Көзкөрген ата» – деп зор, әдемі қоныр дауыспен амандасқан жаққа бетін бұрды. Өзгеріс екен.

- Уағалейкумассалам, шырағым!

- Қалыңыз жақсы ма, ата?

- Кұдай деп, шүкір жүріп жатырмыз.

- Өркенін өссін, балам, өнерінді көрдім. Әкеннің ізін қуып, дәстүрлі өнмен айналысып жүргеніне қатты риза болдым. Жана құрбың Аяламен танысып, білісіп отырмын. Сен үшін қуаныштымын. Болатын бала сендей-ақ болсын. Осы ұстаздарың құсап, биіктен көріңе бер. Дәстүрлі әнде өшпес із қалдырар азамат болуына тілектеспін!

- Үлкен рахмет, ата! Айтқаныңыз келсін!

Жарықты бір жағып, бір өшіріп тұрған қызметкерлер «тезірек асығыңыздар» – деп белгі беріп жатыр. Ары қарай Өзгеріс атаны үйіне дейін шығарып салды, жол бойы әдемі әнгімелер, өзіл-қалжың айтылып, елдегі жаңалықтармен бөлісті. Өзгерістің сол баяғы қарапайым мінезіне, тәрбиелігіне тәнті болған қарт бүгін үйге қуанышты оралды. Ол әлі Өзгерістің өнерге «өзгеріс» алып келетініне сенеді! Лайым солай болсын!

Ләззат АЛПЫСБАЕВА,

«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

Ғашигер

- Сәлеметсіз бе? Мен «Театртану» бөлімінің 2 курс студентімін. Жақында ғана тұсауы кесілген жинақ кітабыңызбен құттықтаймын. Сізбен жолығып, сұхбаттассам деп едім. Қашан қолыңыз босайды?

- Сәлеметсіз! Дүйсенбі күні хабарласайық...

Дәл осылай басталған әңгімеміз бетпе-бет сұхбаттасуға ұласқан еді. Бірнеше сағат бойы өз шығармамның кейіпкерін тани түсу ішіп талай сұрақтар қойдым. Ол болса, сол сұрақтарыма ашылып жауап беріп отырды. Жинақ кітап дегеннен кейін іштеріңіз сезіп те отырған болар. Ендеше, мен сіздерді сол

Ол «Драма және кино актері» мамандығының 4 курс студенті –

Нұрбек Бүркітбай. 1993 жылы Сарыағаш ауданы Жібек жолы елді-мекенінде зангер мен дәрігердің отбасында туылған 2 қыз, 4 ұлдың кенжесі. Анасына жақын болып, еркеліктің дәмін татып ержетті. Көрші ауылда тұратын Нұрлан, Дастан атты ағаларының қасында жүріп, домбыра тартуды, ән айтуды үйренді. Кейіннен олар оқитын Б. Өтепов атындағы дарынды балаларға арналған өнер мектебіне түсу ниетпен Шымкент қаласындағы өнер мектебіне оқуға тапсырды. Бұл ордада Әбдіқалық Әбдірайымов деген сол мектептің директоры қабылдап, Ғазиза Айдарованың терме классына қабылданды. Сол білім ошағында өткізген 3 жылында айтыскер ақын К. Омарованың сабақтарына, вокал, сольфеджио, көркемсөз оқу сабақтарына қатысып, өзін әр түрлі бағытта сынап көрді. Солай өлең оқу, суырып салмалық қырлары ашыла түсті, айтысқа шықты. Біраз қалалық, ауылдық, аудандық айтыстарда қанжығасы майланды. Маржан Есжанованың жүлделерін иемденді. Бала көңілде айтысты қууға ниет болды. Дегенмен, бір істің басын ұстау керек болғандықтан, айтыс – қосымша бір қыры ретінде қалыптасты. «Жалпы, өнерге келуімнің басты себепшісі – анам» – дейді, Нұрбектің өзі. Содан өнер мектебін бітіріп, Алматы қаласына барып, Ж. Елебеков атындағы эстрада-саз колледжіне ақылы бөлімге қабылданды. Алайда, кейінтің құжаттарын алып кетіп, 10-шы сыныпты Шымкенттегі Ж. Аймауытов атындағы көпсалалы гимназияда, 11-ші сыныпты ауылда Ә. Марғұлан атындағы орта мектепте тәлім алды. Алтын ұя мектебінің қабырғасымен қоштасып, Шымкент қаласындағы М. Әуезов атындағы университетке «Режиссура» факультетіне тапсырып көріп еді. Десе де, пешенеге жазылғаны орындалары анық, 1 балл жетпей, 95 баллмен түсе алмай қалды. «Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, қайта тұрып хақын бар жүгіруге» деп, мұзбалақ ақын Мұқағали айтып кеткендей, талапкер Нұрбектің бұдан еңсесі түспеді. Сол бір жылын қаладағы өнер жұмыстарына арнады. Қатарластарымен бірігіп «Асыл мұра» өнер орталығын құрып, орталық аудандарда діни мерекелерге арнап концерттер қойды. ҚР Дін басқармасының қолдауымен Оңтүстік Қазақстанның барлық аудандарын аралап, қойған қойылымдарда ақсақалдың рөлін кейіптеді. Бос уақыттарда қосымша қытай тілін үйренді. Келесі жылы алдында тағы да екі жол тұрды: Шымкентте қалып білім алу немесе Астанаға барып, өнерін шыңдау. Ақыл таразысында елордалық оқу орнына түсу ойы басым түсті. Сол жылы бозбала Нұрбектің бағы жанып, Қазақстанның Халық әртісі Тілектес Мейрамовтың курсына қабылданды. Міне, осылай Нұрбек Бүркітбайдың өнер жолындағы алғашқы адымдары басталып та кетті. Бүгінде ол бес минутсыз актер Нұрбек.

Болашақ актердің өнердегі мақсаты айқын әрі өзгелерден ерек. Дінді өнері арқылы насихаттау иманды Нұрбектің арманы. Осы туралы өзі: дін деген – кіші көлемдегі нәрсе емес. Дін тек қана имамдарға қатысты дүние емес, ҚР діни басқармасына қатысты дүние емес. Дінді кен ауқымда қарастыруымыз керек. Ислам діні тек қана арабтарға, не қазақтарға ғана келген жоқ. Дін дегеніміз – намаз оқу, ораза ұстау ғана емес, дін дегеніміз – мына тобықтағы қара бақайшықтан



біздің шашымызға дейінгідей ауқымды дүние. Дін – біздің өмірімізді реттеп отыратын режим. Жалпы, қалай тамақтану керектігінен бастап, ата-анаға қалай қарау керектігін, жарыңмен қарым-қатынас туралы, барлық дүниені қарастырады. Ал біз оны айдаладан іздеп, бас қатырамыз. Оның барлық шешімін тауып қойған. Бізге тек оны насихаттау керек.

Оның достары бірең-саран, ал жолдастары көп. Достық ұғымын кірлеткісі келмейді. Достары үшін жан беруге даяр. Кезінде «неге мені дос санамаған адамды мен дос санауым керек» деген ой келген. Дегенмен, «мен сол достық деген ұғымға адал болсам болды емес пе?!» деген тұжырымға келді **достыққа адал Нұрбек.**

Жас жігіт Нұрбектің мінезі құбылмалы, Алла **нәні** ұнатпайды, ол да соны ұнатпайды. Орынсыз тірлік жасасаңыз, ашуландырып алуыңыз бек мүмкін. Нәзік. Көңіліне тез алады. Кекшіл алайда, қазір сол қасиетінің арылуға тырысып жүр.

«Қазір біз қылдың үстінде тұрған халық сияқтымыз. Бір халықтың тағдырын мойнымызбен арқалап тұрған жастар секілдіміз. «**Мен жастарға сенемін**» деген Мағжан ақын. Сол жастар бізбіз ғой. Біздің мойнымызда қандай аманат тұрғандығын өзіңіз елестете беріңіз. Ардың аманаты, халықтың аманаты, бабаларымыздың аманаты тұр, біз былай айтқанда, мұрагерміз ғой. Сайын даланың, көк белдердің, тәуелсіз елдің мұрагеріміз. Біз жақсы мұрагерміз бе, жаман мұрагерміз бе, оны өзіміз шешеміз» – дейді, **ойлы Нұрбек.** «Мін – ол сенің қойнындағы жыланың» – дейді. Сен ол сынды тез қабылдап, ол жыланды алып тастамасаң, ол сені буындырады» деген сөзбен толықтай келісетін тағы бір Нұрбек бар. Ол Нұрбек сынды қабылдау өте қиын екендігін де, бірақ оны қабылдай білу керектігін айта келіп, өз ойымен «егер ағаш болса, шырмауық – мін. Сын арқылы шырмауықты алып тастамаса, дымға жарамайтын, жеміс бермейтін талға айналасың» деп қорытындылайды **сынға көндіккен Нұрбек.**

Менің кезекті сұрағыма: «Мен жылқыны жақсы көремін – деп бастады, **мейірімді Нұрбек.** Тек жылқы тектес ұлт болсақ, қазақ қойдан мінез алмай-ақ қойса дейді. Ол жылқының ақылдылығын қатты бағалайды. Дайындалуды, шабуды, додаға түсуді осы жануардан үйрену керек деп топшылайды. Жылқыны кез келген адам жанына жақын тұта бермейді. Қанында жылқыға тән тектілік, асылдық бар жан ғана оның жан дүниесін ұға алады» – деп қорытындылағанымыз бар.

«Қазір салт-дәстүріміздің жуындысы ғана қалып жатыр» деп кынжылады **көргенін қорыта білетін елгезек Нұрбек.** Той – тәрбие мектебі, той – адамның еңбегін қастерлеу мектебі. Ол той арқылы адамдарды тәрбиелеуге болады деген ойда. Той жүргізуде де өзіндік бағыты айқын. Оның сценарийі діни хадистерден, Қожанасырдың әзілдерінен, өзі іріктеп алған афоризмдерден тұрады. Қазір осы жолда еңбек ететін орталық ашып, сол жұмыстарды жандандыру үстінде **батыл Нұрбек.**

Кітаптың шығу тарихын білгілеріңіз келетін болар. Оны да айтып берейін. Ол бір күні Толстойдың нақыл сөздер жазып жүретін дәптері болғандығын естиді. Сол күннен бастап ол да сол жолмен нақыл сөздер жинауға кіріседі. 2 жылдан кейін Абай Қалшабек ағасына апарып көрсетіп, сол кісінің айтуымен кітап етіп шығаруға ниет етеді. Өз маңдай терімен жинаған қаржысына 1000 данамен «Ой қамшы» атты жинақтың бірінші саны жарық көрді. Алда әлі бұл еңбек жалғасын таппақ. Ол осы еңбектегі нақыл сөздердің түгелін дерлік жатқа біледі. Сол ойлар арқылы өзін қамшылай біледі. Сонысымен, ол қамшыгер. **Қамшыгер Нұрбектің** сүйікті афоризмін білгіңіз келеді ме? Мен айтайын. Ол, Бернард Шоудың: «Біз ауада құс ұқсап қалықтауды, суда балық ұқсап жүзуді үйрендік. Енді бізге тек бір нәрсе жетіспейді: ол – жерде адам сияқты өмір сүру». Ендеше, кітапты сізде қолға алып, оқып шығыңыз. Әр сөз сізге ой саларына сенімдімін.

Қымбат ЕЛУБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

Откровение

Записав первые мысли по картине «Персеполис», я поняла, что напишу нечто, похожее на откровение. Ведь картина, проникнув наконец-то полностью в мою душу, затронула там некоторые струнки. Самой звонкой оказалась струнка ответственности за свою жизнь.

Итак, сюжет данного не то документального, не то игрового мультипликационного фильма разворачивается вокруг главной героини по имени Маржан. Взрослая девушка рассказывает историю через призму своего весьма необычного детства. Когда «адидас», группа «би джис» (Bee Gees) и впечатления от рассказов дяди о политических волнениях в 70-е годы — вот из чего состояла детская жизнь Маржан. Будучи светлым ребенком, как и все в своем детстве, имея бесконечный поток любви и большое сердце, она, беззащитная кроха, хотела накормить всех бедных и стать последним пророком мира. Но жизнь порой бывает жестокой, и девочке приходится подстраивать свою жизнь под революционные устои.

Так, пытаясь сохранить жизнь своей дочери, родители отправляют ее, уже в подростковом возрасте, во французский лицей в Вену, где и начинается ее бурная жизнь с яркими и темными изменениями.

Австрия встречает ее не с распростертыми объятиями, а с пинками под зад. Поэтому бедняжке приходится переезжать с одного места в другое, общаться с псевдоанархистами, и терпеть хозяйку пансиона, у которой «не все дома». Главная героиня, прожив там некоторое время со своими иранскими закоренелыми устоями, постепенно начинает терять их. Злая и холодная Европа, со своим блеском, лживой романтикой и неудавшейся любовью швыряет Маржан обратно в Иран.

Но дом, милый дом, и тот не может дать того, чего хочет главная героиня. Постепенно зритель понимает, что фильм в целом рассказывает о жизни, но ядро и основная мысль проходит по тонкой линии переездов и поисков себя. В итоге, получается, режиссер рассказывает о поисках пристанища, о своем потерянном поколении и уроках жизни.

Постепенное падение в депрессию приводит главную героиню к Богу. Но даже Бог не поможет, если сам не возьмешь себя в руки. Не зря говорят, куда бы ты не поехал, ты везде с собой берешь себя, а значит, когда ты уезжаешь от проблем, как это сделала Маржан, ты всегда берешь с собой свои проблемы. Поэтому даже дома она продолжает страдать, «умирать» перед экраном телевизора, ходить к психологу и даже принимать таблетки.

Повзрослевшая, теперь уже чужая Маржан в родном Иране и не вспоминала свои детские мечты о добре и святости. Смотря на то, как она неосознанно противилась выстраивать свою жизнь, я увидела в ней отражение себя, той, которая не хочет взрослеть.

Следующая струна, которую задел этот мультфильм — это чувство любви. Это теплое чувство к семье, к своей стране, к молодому человеку, как ни странно, похожи на мои. Как и я, она любит и ценит свою семью. Не смотря на революцию, родная земля тянет нутром обратно. А ее трагикомичная влюбленность напомнила о том жалком чувстве, когда уродец кажется тебе последним красавцем на земле. Типичную девушку мы увидели в Маржан именно в том, как она, прожив войну и смерть близких, сломалась от обычной любовной истории. Героиня в первую очередь девушка, а значит ранима и уязвима, когда дело касается чувств. В этом она и раскрылась для меня как представительница слабого пола.

В любой период времени внутри человека происходит революция «Я», где можно просто потеряться в себе, а точнее — запутаться. Предшествующими факторами такого состояния у Маржан была война и братоубийство в стране, которые послужили первоисточниками ее депрессии.

Третьей, и, пожалуй, последней задетой стрункой явилась техническая сторона мультфильма. Анимационная графика из комиксов весьма точно описывают определенное состояние и настроение момента. Затемнение заставляет вас невольно ожидать чего-то плохого, когда же на экране преобладают светлые тона — ждите очередной ироничной и саркастичной шуточки от главной героини. Кстати, не смотря на запрет данной киноленты во многих исламских государствах, юмор показался мне уместным во всех случаях. Насмешливое подражание мученице в исполнении Маржан родит у вас на лице улыбку и нисколько не оскорбит ислам.

Во время просмотра я задалась вопросом — будь этот фильм художественным, снятым на камеру с актерами, получила бы я тот же эффект от просмотра? Или нет? Выдумывала, какие бы актеры играли, во что бы они были одеты, как была бы обставлена их квартира и так далее. Но детали забирали бы много внимания, тем самым отвлекая зрителя от главной сути. Потому, пришла к выводу, что картинка лучше фотографии. Можно задать встречный вопрос — почему? А потому, что в анимации передать настроение момента через графику намного проще и интересней. Так, рассказ отца об истории правления Шаха иллюстрирован в виде марионеточных кукол, что как бы ненароком подчеркивает продажность и податливость одной стороны и изображения другой как кукловода.

Очень атмосферно изображены солдаты в касках с огромными белыми отверстиями — глазами, и черная масса людей — толпа. Вместе это все передает настроение хаоса.

Несмотря на то, что почти весь фильм изображен в черно-белом окрасе, смотреть ничуть не скучно. Очень хорошо зрителю поможет воображение, чтобы дорисовать у себя в голове недостающих ему деталей. Но все внимание режиссер уделила образам. Возможно поэтому в деталях ничего не изображено. К примеру комната маленькой Сатрапи включает в себя лишь кровать и пол, остальное уходит в темноту. Все, что видит зритель — это образ ее комнаты с кроватью. То же самое и кухня, образ которой включал в себя лишь стол и стулья. Остальное не имело значения. И так все локации.

Среди всех герсев мне очень запомнилась бабушка Маржан. Элегантная женщина, с бусами на шее, которые невозможно не заметить, всегда была поддержкой для юной Сатрапи. Даже далеко от родной земли тень старушки оставалась рядом и напоминала о доме. Не зря героиня параллельно рассказывает историю о жасмине. Как известно, цветы жасмина появились на территории Персии, то есть нынешнего Ирана и являются неофициальным символом этой земли. Поэтому цветы всегда будут напоминать главной героине о любимой бабушке и о любимой неспокойной стране.

Среди бывалых зрителей бытует мнение, что мультфильмы созданы для детей. «Персеполис» полностью сотрет этот стереотип в порошок, потому что это далеко не привычный развлекательный анимационный фильм, а история жизни режиссера — Маржан Сатрапи, женщины из Ближнего Востока. И к слову, анимация — это лишь элемент, посредством которого мы получаем картинку, а не жанр. Так что «Персеполис» мультфильм для тех, кто хоть раз задумывался о своей жизни, для тех, кто знает смерть, в общем — для взрослых людей.

Диана ИСЕНОВА,
студентка 2 курса специальности «Киноведение»
мастерская И. Т. Смаиловой



Бұрынырақта мән бермеппіз... Мән бергенмен, тереңіне үңілмеппіз. Мүмкін шын сезініп көрмеген болармыз. Енді түсініп отырмыз. Түсінген соң, мұң-көрпесін жамылудамыз. Сосын, «әттең-ай» деп қынжылып, өз-өзімізбен арпалысудамыз. Өкініштісі сол, көбісі оның сырын, тағлымын, маңызын әлі ұғына алмай келеді. Ал сіз ше? Ол кереметтің іпкі әлеміне барынша бойлап, зерделеп, безбидеп, жан дүниеніңізден өткізіп көрдіңіз бе? Әір сәт ойланыңыз... Ойланыңыз да, көкжиекке көз тастаңыз...

Тылсым құбылысқа толы желтоқсанның сойқан желі ысқырып тұр. Біз көше бойын кезіп, келе жатырмыз. Кеңет, мен Арман Айтжаннан (менің досым, Әшірбек Сығайдың шәкірті) ұялы телефонын сұрадым. Сұрадым да, «Ес-аймақтың» кезекті қонағына қонырау шалдым. Ол кісі тұтқасын көтерді. Әдеттегідей көңілді, көтеріңкі дауыспен жауап берді. Аздан кейін, «Ес-аймақ» күні бұрын белгіленген аудиторияда өтпейтінінен, басқа кабинетке ауысқандығынан хабардар етті. Сосын істің анық-қанығын білу мақсатында, Айзат апай Қадыралиеваға телефон соқтым...

- Сәлеметсіз бе, Айзат апай?! Мен, Қуатпын ғой.
- Сәлеметсің бе?!
- «Ес-аймақ» басқа бір кабинетте болады деп естідім...
- Иә, белгілі бір себептерге байланысты...
- Жарайды, біз сценарийді жазып, бәрін реттеп қойдық...
- Жақсы, сендерге сенемін... Құралай Қалекетқызы марқұм Әшірбек Сығай жайынды сұрақ болуын өтініп еді...
- Онсыз болмайды ғой... Алаңдамаңыз...

07.12.2015. Сағат күндізгі екілер шамасы. «Ес-аймақ» студенттердің мәдени-танымдық бірлестігі басталып кетті. Әдеттегідей, оның төріндегі бұл жолғы құрметті қонағы, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Астаналық қуыршақ театрының көркемдік жетекшісі, профессор – **Ешмұратова Құралай Қалекетқызы** шақырылды. Содан, тосыннан «Қуыршақ театрының анасы» маған сұрақ қоясыздар ма, жоқ әлде өзім айта берейін бе деп, сәбише күлім қақты. Артынша, екіншісі жүзеге асты...

Бүкіл кеш бойына ол кісі салиқалы әңгімелерін жаңылыссыз таркатты. Әлбетте, ең әуелгі «әу, бісімлә» сөзін Әшірбек Сығай төңірегінде бастады. Олай болуы да заңдылық еді. Себебі, Әш-ағаны жақсы көрмейтін, білмейтін, сыйламайтын адам жоқ-ау. Оның үстіне қасиетті де кастерлі Қазақ ұлттық өнер университеті ішінен «Ес-аймақты» көзі тірісінде сарабал сыншының өзі ашып беріп, аманаттап кетіп еді ғой.. Әрісіне көшелік... Өмірден озып, шейіт болған замандас, аға-бауырластары қақысында толғап, тебіренген сәтінде Қуыршақ-ананың жанарына жас тығылды. Оны көрермен көрді. Сезінді. Халқымызға әйгілі Нұрғиса Тілендиев, Латиф Хамиди, Оспанхан Әубәкіров, Сәкен Жүнісов сынды атағы дардай, өздері қара нардай азаматтарды еске алғанда әлдебір сағыныш, аспан-көкті шарлап, Құралай-ананың мөлдір жанына шық қонғандай елес алды... Дәл осы орайда мына бір естеліктер көз алдыма тізбектеліп отыр...

Ұмыту қиянат. 2015 жыл Маусым айының 4-ші жұлдызы болатын.

- Амансыз ба, Құралай Қалекетқызы?!
- Амансың ба, балам?!
- Бірер уақытыңыз табыла ма?! Сұрарым бар еді.
- Әрине, балам!

Осындай диалогтан бастау алған сырласу-әңгімеміз бірер уақытыңыз не, бірнеше сағатқа созыла барған. Шығармашылық маңайын қамтыған тілдесу қарқыны үдей түсіп, тұла бойымды бірден баурап алғаны ескірмейді. «Қуыршақ театрының анасы» асқақ эмоциясын сарпып, шеңбер бұзған тасқын судай үйіп-төккені, санамда мөңгілік қалмақ. Аздан кейін ұзақ сонар ойға шомып, «Латиф, Сәкен, Оспанхан, Абдолла, Нұрғиса ағаларым-ай», – деп күніреңе барғаны жадымда. Сол мезетте қабағын қалың қайғы жапқанын қалай ұмытайын?

«Ес-аймақта» болған жайт, еріксіз өткенмен қайта бір қауыштырғаны хақ. Шын мәнінде, Қуыршақ-Құралайдан, Ана-Құралайдан алар тәлім зор. Таусылмайды... Тәмамдалмайды... Оған алқалы жұрт, ұлағатты ұстаз, салмақты студент куә. Қуыршақ театрына қатысты драматургиялық шығармағалардың жетіспеушілігіне күйінін, бұл өнер саласына бей-жай қарап, місе тұтпас қайсыбіріне назын айтудан шармайтын тұлғадан үлгі алуымыз қажет-ақ расында. «Қуыршақ театры баланы үлкен өмірге дайындайды. Оны адалдыққа, әсемдікке, іңкөрлікке шақырады. Қуыршақ театрына бармаған бала, ертең драма театрына да, опера театрына да бармайды. Мен өмірімде мүлде театрдың табалдырығын аттамаған кісілерді көрдім. Бұл дегеніңіз қасірет қой. Айналайын-ау, балаңыздың тәрбиелі, өнегелі болып өсуін қаласаңыз, Қуыршақ театрына апарыңыз. Оның тазалығын таныңыз...» – дейді жаны да, қаны да қуыршақ деп тулаған Құралай Ешмұратова.

Қайталап сұрайын.. Оқырман сіз ше? Ол кереметтің ішкі әлеміне барынша бойлап, зерделеп, безбәндеп, жан-дүниеніңізден өткізіп көрдіңіз бе? Ойланыңыз... Ақ біз Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті Нұрислам Әбділдің «Ес-аймақта» айтқан арнауымен мақаламызды қорытындылауды құп көрдік.

Армысың, Ес-аймақтың көрермені,
Бір ұлын сөз бастады өлеңдегі.
Мінеки, екінші жыл бұл «Ес-аймақ»,
Сіздердегі ықыласқа бөленгелі.
«Шабьттай» журналың мен бұл «Ес-аймақ»,
Біз секілді Әш ағаңның өрендері.
Бүгінде театртану мұңын айтады,
Сіздерге де мөлім ғой менен гөрі.
Әлі бізде профессор, докторлар жоқ,
Сырқаттың жарасы ауыр дөңемдегі.
Алматыда қаптаған кіл мықтының,
Тым болмаса бірәуі келер ме енді?!
«Үй берсеңдер келеміз» деген екен,
Іздегені үй ме еді? Өнер ме еді?
Айзаттай апайыма қуат берсін,
Өлмесін дейді, Әш ағамның өр еңбегі.
Және де «Ес-аймақтың» хәлі мүшкіл,
Айтқаным мынау ел сенер ме еді?!
Екі жүз отыз сегіз қолдан кетті,
Қайтадан уысыңа берер ме енді?!
Ол аздай шақырылған қонақтың да,
Қыл аяғы гүлі де төленбейді.
Әр ай сайын «Гүлге» деп, студенттің,

Жиналады тиыны мен тебәндері.
Ал енді редакцияға келер болсам,
Онындағы қайғысы тереңдеді.
Бір бөлме таппағандай бөз бірәулер,
Кабинетті аламыз деп келе берді.
Мен білсем басшылықтың қатысы жоқ,
Белсендінің істегені төмендегі.
Сығайдың сынығы еді, міне осылар,
Бірі сынып, ал бірі сөне ме енді?!
Сырымды, тек ағайын, сіздерге айтам,
Жанашырым сіздерсіздер өнердегі.

Баладан өткен жоқ қой ұлы актер,
Мен емес бұл жағынан жырақ жүрер.
Міне, осындай қуыршақ театрдың
Өзіндік зар-мұңы бар құлақ түрер.
Айтар болсам театрдың ғимаратың,
Таба алмас барған адам сұрап кірер.
Заманауи пьеса болмай отыр,
Сондықтан жоқ заманауи қуатты роль.
Ағайын, мұңын айтып осы ұжымның,
Және де шабыт тілеп, тілек қылғам.
Нағыз, міне, ұжымдық осы өнер,
Бірін аяқ, ал бірін білек қылған.

Бір қуыршақ жасау үшін екі адам,
Жарасып жан бітіріп, жүрек қылған.
Құралай апай қазығы осы отаудың,
Шаңырағын құлатпай тіреп тұрған.

Сөйледім текті елдің зердесі деп,
Қорыққан күнім басқа келмесін деп.
Әш ағам өз қолымен жаққан оттың,

Маздаған оты өшіп, сөнбесін деп.
Ес-аймағым жанданып күннен күнге,
Төріне тек тектілер төрлесін деп.
Шабыттай журналымның аядай-ақ,
Бөлмесін жат біреуге бермесін деп.
Ағайын жан сырымды сіздерге аштым,
Отыз тістен шыққан сөзім өлмесін деп.

Қуат ЕЖЕМБЕК,

Астана қаласы Қуыршақ театрының
«Әдебиет» бөлімінің менгерушісі

Кітапхана күнделігінен...

«Шабыт» журналының редакциясы университетіміздің ақпараттық-кітапхана қызметінің соңғы жаңалықтар шолуын назарларыңызға ұсынады:

• 28-ші қазан күні кітапханада кезекті Ақпарат күні өтті. Ақпарат күнінде кітапханаға жаңадан келіп түскен кітаптардың виртуалды және дәстүрлі кітап көрмесі, 43-ші ІСТМ Дүниежүзілік дәстүрлі музыка конференциясының қатысушылары сыйға тарту еткен кітаптарына ұйымдастырылған «Музыка әлем елшісі» тақырыбындағы кітап көрмесі, мерзімді басылымдар көрмесі ұйымдастырылып, анықтама-библиографиялық және ақпараттық жұмыс бөлімінің жетекшісі О.Б. Абенова және кітапханашы Г.Б. Байдаулетова ақпараттық шолу жасап, ақпараттық-кітапхана үрдісін автоматтандыру бөлімінің жетекшісі А.Е.Салыков кітапхана сайты таныстырып, сонымен қатар отандық және әлемдік ресурстар, кітапхананың КАБИС жүйесіндегі деректер қоры туралы слайд жасап, кеңестер берді. Көрмеге 184 атаудан тұратын театр, кино және теледидар, көркемөнер, хореография, музыка, гуманитарлық пәндерге арналған жана кітаптар мен ноталы және мерзімді басылымдар қойылды;

• 24 қараша, ҚР еңбек сіңірген әртісі, хор дирижеры, профессор Г.А.Ахметованы еске алу кеші аясында «Қазақ хоры қарлығашы» атты кітап көрмесі өтті;

• Тұңғыш президент күніне орай жастар комитетімен бірлесе отырып, дөңгелек үстел өтті;

• «Ұлты ұлықтаған Ұлы тұлға» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды;

• Еліміз егемендігін алуына орай, «Тәуелсіздігім – теңдігім» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды;

• Түркітанушы, хакас мәдениеті мен тарихын насихаттаушы ғалым Тимур Даулетов «Ах Чібек Арығ» кітабын кітапхана қорына 2015 жылғы 18 қарашада сыйға тартты. Т. Даулетов тәржімалаған хакас халқының бұл батырлық эпосы хакас жыршысы Семен Кадышев жылы аясында ТЮРКСОЙ қолдауымен жарық көрді.



Аида ҚАЛҚАТАЙ,

«Театртану» мамандығының I курс студенті
А. Қадыралиева шеберханасы

*Замечательному музыканту – долгих творческих лет и здоровья
(к юбилею Раушан Кожобековны Мусаходжаевой)*

28 октября 2015 года в Большом зале имени Жамбыла Жабаева Казахского национального университета искусств состоялся праздничный концерт, посвященный юбилею талантливой кобызистки, Заслуженного деятеля искусств Республики Казахстан, профессора кафедры казахских народных инструментов Раушан Кожобековны Мусаходжаевой.

В концерте продемонстрировали свой талант и артистизм студенты колледжа и университета факультета традиционного музыкального искусства.

Концерт был насыщен разнообразными интересными номерами. Праздничный вечер открыл колледжский оркестр казахских народных инструментов под руководством Дамира Сансызбаева, который исполнил произведения выдающегося казахского композитора Нургисы Тлендиева. Хотелось бы отметить слаженность коллектива, созданного совсем недавно по инициативе Раушан Кожобековны.

Далее прозвучало необычное произведение для ансамбля жетъгенев «Дала тынысы» Едиля Кусаинова – композитора и мастера горлового пения. Другие номера в исполнении студентов и магистрантов университета, лауреатов международных конкурсов, также произвели большое впечатление: Е. Амантаев исполнил «Жайдарман», А. Айжанов – «Элегия», С. Толкынханов – «Домбыра туралы аңыз», А. Геер – Фантазию на тему народной песни «Япурай».

Не менее ярким было выступление ансамблей. Например, ансамбль баянистов «Аллегро» под руководством А.П. Ефременко исполнил «Лезгинку» А. Хачатуряна, передав задор и веселье слушателям; ансамбль «Назерке» под руководством К.А. Мусаевой – «Шатлан биі». «Қос қарлығаш» Е. Брусиловского и «Танго» К.Гарделя сыграл студенческий ансамбль кобызистов.

В заключение концерта ректор КазНУИ Айман Кожобековна Мусаходжаева поздравила Раушан Кожобековну со знаменательной датой, пожелав замечательному музыканту долгих творческих лет и здоровья.



*С культурным приветом Казахстану от Индонезии
(в Казахском национальном университете искусств состоялся концерт
индонезийских музыкантов)*

Концерт был приурочен к 70-летию со дня основания республики Индонезии, а также 22-летию делового сотрудничества и теплой дружбы двух стран. Особую значимость данного культурного и дружеского вечера отметил в своей речи чрезвычайный и полномочный посол Индонезии в Республике Казахстан господин Фостер Гултом: «Очень рад видеть Вас! Мы хотим сделать Вам подарок – подарить частичку культуры Индонезии».

В программе концерта прозвучала разноплановая музыка – и академическая, и джазовая, и фольклор. Отмечу, что народная музыка Индонезии встречалась бурными овациями и криками «Браво!».

Высоким профессионализмом исполнительства поразил слушателей индонезийский пианист Леви Гунарни. Очень ярким получился его тандем с симфоническим оркестром университета в «Рапсодии в блюзовых тонах» Джорджа Гершвина. Это было действительно «соревнование» между пианистом и оркестром.

Особым подарком для гостей этого вечера стало совместное исполнение казахской народной песни «Алкоңыр» индонезийской вокалистки Бину Далип Сукаман со студенткой нашего университета Шахризадой Тыныштык. Завершился концерт симфоническим кюем Тлеса Кажгалиева «Қыз қуу».

Нет сомнений в том, что концерт прошел по-настоящему в дружеской и теплой обстановке.

Каракозайым ДАЛИШОВА

Концерт факультета музыки

24 ноября 2015 года в стенах Большого зала КазНУИ имени Жамбыла Жабаева состоялся концерт студентов факультета музыки. Его ведущими были студентки 3 и 4 курсов специальности «Музыковедение» Балнур Сардарбек, Ботагоз Балтабаева и Эльвира Хайдарова. Они вели концерт на трех языках. Каждый номер предварялся кратким вступительным словом о композиторе и произведении.

Некоторые сочинения я услышала «в живом» исполнении впервые. Например, таковой стала «Венгерская фантазия» Ф. Дюллера для флейты и фортепиано (Альбина Ахметзянова, студентка 4 курса). Весьма интересно прозвучало переложение известного романса «Весенние воды» С. Рахманинова для трубы в исполнении студента 3 курса Дулата Бекенбаева. Впервые также мною было услышана замечательная «Элегия» для контрабаса Дж. Боттезини (Алмас Байгожин, студент 3 курса).

Очень ярко выступил пианист-виртуоз Темирлан Бисембай, который сыграл «Легенду о домбре» Н. Мендыгалиева, Этюд № 4 Ф. Шопена и «Революционный» этюд А. Скрябина, не оставив слушателей равнодушными. Большой эмоциональный отклик вызвали также «Концертный кюй» Б. Джуманиязова (Назым Уалиева, студентка 4 курса) и «Ария» А. Жубанова (Жанель Сагитова, студентка 3 курса).

Хоральная прелюдия И. С. Баха, высокое органное творение великого немецкого мастера, была исполнена студентом 3 курса Басыгара Жайыком в переложении Ф. Бузони. Последний, сохраняя основной образ и строй произведения, придал сочинению новые краски и звучание.

Настоящим украшением концерта стало выступление студентов кафедры ударных инструментов с зажигательными произведениями З. Финка «Kick off» и «Mob shake». В завершении прозвучала «Испанская симфония» для скрипки с оркестром Э. Лало в исполнении обладателя Гран-При XVIII Международного фестиваля творческой молодежи «Шабит» и обладателя Кубка Президента студента 4 курса Максата Джусупова и студенческого симфонического оркестра КазНУИ.

Концерт произвел неизгладимое впечатление, и я думаю, что он запомнился слушателям надолго, поскольку участники концерта показали высокий уровень исполнительства.

Зарина БОЖАКОВА

*«Форма значит красота»
(лекция Е.Н. Дуловой)*

Второго ноября в Казахском национальном университете искусств состоялся мастер-класс доктора искусствоведения, профессора, музыковеда, ректора Беларускай государственной академии музыки – Екатерины Николаевны Дуловой.

Стоит отметить, что Екатерина Николаевна не в первый раз выступает с познавательными лекциями в стенах нашего университета. И можно сказать с уверенностью, что студенты после их посещения выходят «наполненными» новыми знаниями и взглядами, на такую сложную науку, как музыковедение, а также «заряженными» положительной и светлой энергией, которая исходит от Екатерины Николаевны.

Лекция началась с того, насколько важны теоретические предметы, не только для студентов музыковедов, но и для студентов других специальностей – композиторов, инструменталистов, вокалистов.

Как отметила музыковед, обучение в университете это прежде всего, дискуссия с профессором, а не пассивное слушание, и сразу же задала вопрос: «А для чего мы анализируем произведение? Что мы хотим, когда начинаем анализировать?».

Екатерина Николаевна приводила в пример различные цитаты, знаменитых исследователей на эту тему, напомнив о том, что музыку пересказать невозможно.

Рассказывая о методологии современного музыкознания, профессор напомнила студентам и преподавателям о существующих методах анализа (целостный, стилиевой, «ценностный», тектонический и др.). И главная задача музыковеда – раскрыть и объяснить, как создано то или иное высокохудожественное произведение, руководствуясь словами Михаила Глинки: «Форма значит красота».

Эльвира ХАЙДАРОВА

Кураторы рубрики «Музыкальный акцент» Мосиенко Д.М., Санок П.С.



A close-up photograph of a plant with small, white, star-shaped flowers and green, serrated leaves. The background is a soft, out-of-focus green. The text "Астана 2015 жыл" is overlaid on a white rectangular background in the upper right corner.

Астана 2015 жыл